





## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҚАЗАҚСТАН «SMART-БАСҚАРУҒА» ҚАШАН КӨШЕДІ?



Қазақстанда су ресурстары мен агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру мәселесі енді тек технологиялық жаңғыру емес, ұлттық қауіпсіздік пен орнықты дамудың өзегіне айналып отыр. ҚР Парламент Сенатында өткен парламенттік тыңдау осы бағыттағы жүйелі мәселелерді ашып көрсетіп қана қоймай, жаңа басқару моделіне көшу қажеттігін нақты айқындап берді.

(Жалғасы 3-бетте)



## ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Жұмабек БАСТАУБАЕВ,  
«KASIPKER» кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы:

# «КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЕМЕС»

– Жұмабек Әндешұлы, кәсіпкерлікті дамытудағы қауымдастық пен салалық одақтардың ролі қандай?

– Қауымдастықтар мен салалық одақтар Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуда маңызды рөл атқарады. Олардың маңызын бірнеше негізгі бағыт бойынша қарастыруға болады. Бірінші, бизнестің мүдделерін ұсыну. Олар кәсіпкерлер мен мемлекет арасында делдал ретінде қызмет етеді, бизнестің мүдделерін қорғайды, заңдар мен нормативтік актілерді әзірлеуге қатысады.

Екінші, саяси диалогқа қатысу. Мемлекеттік органдармен диалог арқылы бұл ұйымдар іскерлік органы жақсартуға, әкімшілік кедергілерді азайтуға және реформаларды ұсынуға көмектеседі. Үшінші, бизнесті қолдау және дамыту. Қауымдастықтар оқытып, кеңес беріп, семинарлар ұйымдастырады, кәсіпкерлерге кәсіби біліктілігін арттыруға және қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Төртінші, іскерлік байланыстарды құру (нетворкинг). Олар кәсіпкерлерді біріктіреді, серіктестер мен инвесторларды табуға, сондай-ақ жаңа нарықтарға, оның ішінде халықаралық нарықтарға шығуға ықпал етеді. Бесінші, ақпараттық қолдау. Нарық туралы, заңнамалық өзгерістер және мемлекеттік қолдау шаралары туралы өзекті ақпарат береді. Алтыншы, салалық мүдделерді қорғау. Салалық одақтар белгілі бір секторлардың (мысалы, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда) мүдделерін қорғайды, саланың дамуына тиімді бастамаларды ілгерілетеді. Жетінші, өзін-өзі реттеу. Кейбір қауымдастықтар стандарттар, этикалық нормалар және бизнес жүргізу ережелерін



әзірлеуге қатысады, бұл саланың ашықтығын және сенімділігін арттырады.

Қауымдастықтар мен салалық одақтар кәсіпкерлікті дамытуда маңызды құрал болып табылады. Өйткені олар бизнестің дауысын күшейтеді, қолайлы орта қалыптастыруға көмектеседі және Қазақстандағы тұрақты экономикалық өсімге ықпал етеді.

(Жалғасы 5-бетте)

## МІНБЕР

# ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК БӘРІНЕН БИІК

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар арнайы мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты заң жобасын бірінші оқылымда қарады. Сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін түзетулер талқыланды. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекске өзгерістер енгізу және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы заң жобалары жұмысқа қабылданды.

Төменгі палатаның жалпы отырысында депутаттар «Кейбір заңнамалық актілерге Қазақстанның арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы мен оған ілеспе құжатты бірінші оқылымда қарады. Құжат бойынша Мәжілісте Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Болат Керімбек баяндама жасады.

– Құжат ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткеру саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатын көздейді. Заң жобасы мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты құрылымдар қызметінің тиімділігін арттыруға, құқық қолдану қызметі барысында анықталған құқықтық олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған. Жалпы, 3 кодекстің 11 заңға түзетулер енгізуді көздейді, – деді Б.Керімбек.

Сонымен қатар заң жобасында ұлттық қауіпсіздік органдарының дағдарыстық жағдайлар туындағанда, төтенше және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай енгізілген кезде әрекет ету құзыретін нақтылау ескерілген. Бұл түзету «Төтенше жағдай туралы» заңға сәйкес келтіру мақсатында енгізіліп отыр. Сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік құпияларды қорғау жағдайын күшейту көзделген. Осы



мақсатта заңда «мемлекеттік құпияларды қорғау деңгейінің төмендеуін» ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіптердің бірі ретінде бекіту ұсынылды. Бұған қоса экстремистік және террористік материалдарды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және таратуға заңнамалық тыйым салудан басқа, заң жобасы оларды сақтауға қосымша тыйым салуды енгізуді ұсынады.

– Заң жобасында ескері және арнаулы оқу орындарына түсуге арналған конкурсты өткізу кезінде үміткердің емтиханнан алған балдары тең болған жағдайда, жекелеген санаттағы адамдарға басымдық беру тәртібін айқындау ұсынылды.

(Жалғасы 6-бетте)

ПІКІР

## КОНСТИТУЦИЯДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР – ЕЛ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Конституция – елдегі барлық заңдардың бастауы. Оны Ата Заң дейтіміз де сондықтан. Жаңа Конституцияда көрініс тапқан ұсыныстың бәрі қоғамда талай талқыланған, халық қажет еткен, қоғамның дамуына негіз қалайтын жаңашылдықтар.



Жалпы, соңғы кезде заңнаманы сараптауда халықтың өте белсенді екені байқалады. Бұл – оң үрдіс, дұрыс қадам. Конституциялық референдумға да көп азаматтың үн қатуы халықтың құқықтық сауатының өскенін, елдегі саяси жағдайға көз жұма қарамайтындар қатарының артқанын көрсетеді. Әсіресе, заңдағы өзгерістерді өзге елдердің заңдарымен салыстыра отырып талдаған, оң мен терісін, кемшілігі мен артықшылығын көрсеткен азаматтардың пікірінен халықтың алар пайдасы ұшан-теңіз. Мысалы, құжат жобасы таныстырылған кезден бері қарапайым азаматтардан 10 мыңнан астам ұсыныс түскен екен. Соның нәтижесінде Ата Заңның барлық бөлімін қамтитын 77 бапқа өзгеріс енгізіліп, мәтіннің 84 пайызы жаңартылған. Азаматтардың жобаға қатысты ұсыныстары е-Оtinish және eGov цифрлық платформалары арқылы қабылданып, айтылған ұсыныстар мемлекеттік басқару жүйесінің орнықтылығын нығайтуға, билік институттарының өкілеттіктері мен жауапкершілігі арасындағы теңгерімді күшейтуге, сондай-ақ елдің стратегиялық басымдықтары ретінде адам капиталын, білімді, ғылым мен инновацияны дамытуға қатысты тетіктерді барынша жетілдіруге көмектескенін ерекше атап өткеніміз жөн.

Екіншіден, Конституция бойынша өткізілген референдум халықтың азаматтық позициясын нақтылауға көмектесті. Азаматтар мемлекетті дамыту бойынша қолға алынған реформаларды жүзеге асыруда өз көзқарасының, өз дауысының қаншалықты маңызды екенін түсінді. Осылайша, жалпыхалықтық референдум тікелей демократияның негізгі құралына айналады. Оның рәсімі шешімдердің орнықтылығы мен кең қолдауына бағытталған.

Шын мәнінде, жаңа Конституцияда көптеген оң өзгерістер қамтылған. Құжат қазіргі заман талаптарына, қоғам сұранысына, адам құқықтарының басымдығына және мемлекеттің стратегиялық даму мақсаттарына толық сай келеді. Мұнда мемлекеттің заңдық құрылысын құқықтық жаңартуға барынша басымдық берілген. Конституциядағы өзгерістер мемлекеттің тұрақтылығына салынған ұзақмерзімді инвестиция. Бұл – болашақ дағдарыстардың алдын алуға, қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтуға және мемлекеттік басқарудың жаңа архитектурасын қалыптастыруға жол ашады. Сонымен қатар бас құжатта әділеттілік, заң мен тәртіп қағидаттары алғаш рет бекітілгенін де айта кеткеніміз абзал. Конституция прамбуласында бұл қағида негізгі басымдық ретінде айқындалған.

Құжатта мемлекеттің ең жоғары құндылығы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені нақтыланып, адам құндылығын мойындаудың тетіктері жан-жақты қамтамасыз етілген. Сот арқылы қорғану құқығы күшейтіліп, мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу міндеті мемлекетке толықтай жүктелген.

Жаңа Конституция мемлекеттің құқық қорғау әлеуетін күшейтеді. Жеке тұлға құқығына қол сұғылмайтынына кепілдік беріп, дербес деректерді қорғау тетіктерін барынша кеңейтеді. Осындай басымдықтарға ие жаңа Конституциямыздың ел дамуына серпін берері сөзсіз.

**Серік ЖҰМАБАЕВ,**  
Маңғыстау облысы  
мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік  
сотының төрағасы

БАҒДАР

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ӘДЕП ҚАҒИДАТТАРЫ

Мемлекеттік қызмет – қоғам мен мемлекет арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін маңызды институттың бірі. Бұл саладағы қызметкерлердің кәсіби біліктілігімен қатар, олардың әдеп нормаларын сақтауы да ерекше маңызға ие. Мемлекеттік қызметтегі әдеп – бұл мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін атқару барысында ұстануға тиіс моральдық-этикалық қағидадарының жиынтығы.



Ең алдымен, мемлекеттік қызметтегі әдептің басты мақсаты – қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайту. Азаматтар мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасағанда әділдік, ашықтық және сыйластықты күтеді. Осы тұрғыда мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқы, сөйлесу мәдениеті, шешім қабылдау әдебі халықтың мемлекеттік жүйеге деген көзқарасын қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормалары бірнеше қағидаға негізделеді. Бірінші-

ден, заңдылық қағидаты – қызметкер өз қызметінде Қазақстан заңдарын қатаң сақтауы тиіс. Екіншіден, адалдық пен әділдік – қызметтік өкілеттіктерді жеке мүддеге пайдалануға жол бермеу, барлық азаматтарға тең қарау. Үшіншіден, ашықтық пен айқындық – қабылданған шешімдердің түсінікті әрі негізді болуы. Төртіншіден, сыйайлық пен кәсібилік – әрбір азаматпен қарым-қатынаста әдептілік таныту. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтегі әдеп сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың

маңызды құралы болып табылады. Әдеп нормаларын сақтау қызметкердің жауапкершілігін арттырып, заң бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметкерге жеке жауапкершілік, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауын бақылау және реттеу жүйесі де жетілдірілуде. Арнайы әдеп жөніндегі уәкілдер институты енгізіліп, қызметкерлерге кеңес беру, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында жұмыстар жүргізілуде. Бұл шаралар мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға бағытталған.

Мемлекеттік қызметтегі әдеп – тиімді әрі әділ мемлекеттік басқарудың негізі. Әдеп қағидаларын сақтау тек әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігі ғана емес, сонымен қатар бүкіл мемлекеттік аппараттың сапасын айқындайтын фактор болып табылады. Сондықтан мемлекеттік қызметшілер әрқашан жоғары моральдық талаптарға сай болып, қоғам сенімін ақтауға ұмтылуы қажет.

**Турсунгул АХМЕТОВА,**  
Атырау қаласы әкімшілік  
құқық бұзушылықтар  
жөніндегі  
мамандандырылған соты  
әкімшісінің бас маманы –  
сот отырысының хатшысы

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

Біздің елімізде саяси-әлеуметтік ортаның өзгеруі, мемлекетіміздің демократия жолында қол жеткізген жетістіктері мен бүгінгі заман талабы алқабилер сотының жұмыс жасауын қажет етті. Бүгінгі таңда сот жүйесінің қызметін еркеніетті елдердің талаптарына сәйкестендіруде барлық мүмкіндіктер жұмылдырылуда. Қатал сынға қарамастан алқабилер соты дамыған елдердің сот жүйесінде сот өндірісінің анағұрлым демократиялы және әділ түрі ретінде қалыптасқан.

## АЛҚАБИЛЕР СОТЫ ӨЗІН АҚТАДЫ

Қазақстанда «Алқабилер туралы» заң 2006 жылы 16 қаңтарда қабылданып, 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді. Заң қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттеп, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындады. Сот жүйесіне алқабилер институты енгізілгелі азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудегі демократиялық жаңа бағыт пайда болды.

Қазіргі таңда қабылданған заңдарға сәйкес, алқабилердің қатысуымен қаралатын істер қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында өткізіледі. Қылмыстық-процестік кодексіне алқабилердің қатысуымен іс жүргізу өндірісі бойынша жалпы ережелерді, сот мәжілісін тағайындаудың ерекшеліктерін, сот талқылауына қатысу үшін алқабилерге кандидаттарды іріктеу рәсімін, істі алқабилердің қатысуымен талқылау ерекшеліктерін реттейтін толық бір бөлім енгізілді.

Бүгінде соттардың қоғамдағы беделі мен мәртебесін арттыруға бағытталған құқықтық реформа жолындағы қадамдар одан әрі жалғасын табауда. Қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қарау сот жүйесін жетілдірудің қол жеткен жетістіктерінің бірегейі және маңыздысы деуге болады.

Алқаби – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы. Ол санағы заң қағидадарының ықпалынан тәуелсіз, қылмыс жасаған адамның кінәлілігі немесе кінәлі еместігі туралы шешім қабылдаған кезде тек ар-ұятты, әділдікті және өзінің сенімін басшылыққа алатын алқа құрамына қылмыстық істер жүргізу заңының талабына сай іріктеліп алынған адам.

Алқабилерді сот отырысына іріктеу барысында «Төрелік» ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «SMART DATA UKIMET» бағдарламасына қажетті алқабиге кандидаттар санын көрсете отырып, сұрау жолданады. Ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде алқабилер тізімі «SMART DATA UKIMET» бағдарламасында қалыптастырылып, нәтижесі «Төрелік» ақпараттық жүйесіне түседі.

Алқабилердің сот процесінде сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысып, төрағалық етуші арқылы сұрақтарын қойып, сот тергеуіндегі барлық әрекеттерге қатысуға толық мүмкіншілігі бар. Қылмыстық-процестік кодекстің талаптарына сай, айыпталушы, сотталушы сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында және де алдын ала тыңдауды өткізу аяқталғанға дейін өзіне қатысты қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен өткізу туралы өтініш беруге құқылы. Осындай өтініш беріліп, оны қолдаған жағдайда міндетті түрде қылмыстық іс алқабилердің қатысуымен қаралады.

Судья алқабилердің қатысуымен басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулыда келушілердің саны кемінде жиырма бес адам болатындай етіп сот отырысына шақырылуға тиісті алқабиге кандидаттардың жалпы санын анықтайды. Қаулы шығарылғаннан кейін сот отырысының хатшысына саны қаулыда көрсетілген алқабиге кандидаттарды алқабиге іріктеу үшін олардың сот отырысына келуін қамтамасыз ету туралы өкім береді.

Судьяның өкімі бойынша сот отырысының хатшысы алқабиге кандидаттарға сот отырысына келу туралы хабарламалар жолдап, сот отырысының орны мен басталу уақытын көрсетеді, ал азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Азаматтардың дәлелсіз себептермен келмей қалуы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Қылмыстық сот ісін алқабилердің қатысуымен жүргізу ең алдымен азаматтардың конституциялық құқықтарын толықтай іске асыруға мүмкіндік туғызады. Алқабилер сотының ерекшелігі олардың сот төрелігін жүзеге асыруда жан-жақтылығы, объективтігі және толықтығында.

Басты сот талқылауы тағайындалғаннан кейін төрағалық етушінің өкімі бойынша сот отырысының хатшысы соттағы бірыңғай (жылдық) тізімнен алқабиге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдауды жүргізеді. Бір адам сот отырысына алқаби ретінде жылына бір реттен



**Асланбек ДҮЙСЕНҒАЛИЕВ,**  
Батыс Қазақстан облысы  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
сотының төрағасы

артық қатыса алмайды. Төрағалық етушімен сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды іріктеу өткізіліп, яғни, алқабиге кандидаттарды істі қарауға қатысудан босату, өздігінен бас тарту және қарсылық білдіру туралы мәселелер шешіліп, алқабилер құрамы құралады. Қылмыстық істер 1 судья және 10 алқабидің қатысуымен қаралады (алқабилерді іріктеу кезінде 12 адам сайланады, оның ішінде екі алқаби қосалқы болып табылады және егер алқаби негізгі құрамнан шығып қалса, қосалқы құрамның алқаби істі қарауға қатысады.)

Алқабиге облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган тарапынан нақты іс қаралып болғаннан кейін, ал егер істі қарау созылатын болса, ай сайын бюджет қаражаты есебінен аудандық сот және оған теңестірілген сот судьясының (1 жылға дейін өтілі бар) лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде еңбекақы қарастырылған. Алқабидің сотта міндеттерін атқару уақыты еңбек өтілін есептеген кезде есепке алынады, әрі міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқаби ретінде сот отырысына қатысып жүрген азаматтарды жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді. Алқаби болған азаматтың сот отырысындағы міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылады.

Алқаби, оның отбасы мүшелері және олардың мүліктері мемлекеттің қорғауында болады. Қылмыстық істі жүргізетін орган, егер сотта міндеттерін атқарушы алқабиден тиісті өтініш келіп түссе, сондай-ақ, аталған адамдардың қауіпсіздігіне немесе олардың мүліктерінің сақталуына қауіп төнудің басқа да айғақтары анықталған жағдайда, алқабидің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, «Алқабилер туралы» заңда көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан заңында белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ, төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттетуіне әкеп соғады.

Ата-бабаларымыз негізін қалап кеткен, қазіргі кезде ұмытылып бара жатқан билер соты – дала демократиясының нағыз үлгісі. Ал қазіргі алқабилер соты қарапайым халықты сот билігіне, сот төрелігін жүргізуге тартуға тиімділігі зор. Дегенмен бұл институттың кемшіл тұстары да жетерлік. «Әділ бидің елін дау араламайды, әділ ханның ауылын жау араламайды» деген екен дана халқымыз. Әділдік жоқ жерде бәрі бекершілік. Әділетсіздіктің ең сорақысы заң жолымен жасалған әділетсіздік деп білемін. «Халыққа бай құт емес, би – құт» деген екен Төле би. Сол секілді халық алдында судьяның орны да, қызметі де зор екенін анық байқаймыз.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨКЖИЕК

# ҚАЗАҚСТАН «SMART-БАСҚАРУҒА» ҚАШАН КӨШЕДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Парламенттік тыңдауды ашқан Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев цифрландырудың бүгінгі кезеңі сапалық жаңа деңгейге көтерілуі тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, жекелеген қызметтерді электронды форматқа көшіру жеткіліксіз. Ендігі міндет – барлық ресурсты біртұтас цифрлық жүйе арқылы басқаруға көшу. Бұл – үлкен деректерге, жасанды интеллектке және жедел аналитикаға негізделген «smart-басқару» моделі. Мұндай тәсіл тек ағымдағы жағдайды тіркемейді, сонымен бірге құрғақшылық пен су тапшылығын алдын ала болжауға, ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік береді. Яғни, мәселе цифрландыруда емес – оны қалай пайдаланып жатқанымызда.

Бүгінде Қазақстанда судың ең ірі тұтынушысы – ауыл шаруашылығы. Жалпы су көлемінің шамамен 60 пайызы осы салаға тиесілі. Алайда ең үлкен проблема тасымалдау кезіндегі шығын болып отыр. Сарапшылардың айтуынша, бүгінде еліміздегі су жоғалту деңгейі 40 пайызға дейін жетеді. Бұл су инфрақұрылымының тозуы көлемінің артып бара жатқаны мен суды қолдану барысына бақылаудың әлсіздігін көрсетеді. Осыған байланысты Сенат төрағасы нақты талаптар қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, судың қозғалыс жолының барлық кезеңі цифрлық есепке алынуы тиіс. Бұл дегеніміз – су көзінен бастап егістікке дейінгі бүкіл маршрутты бақылау, нақты тұтыну көлемін тіркеу, ысырапты автоматты түрде анықтау. Яғни, әрбір текше метр су – бақыланатын ресурсқа айналуы керек.

Сенатор Жанболат Жөргенбаев өз баяндамасында саланың ең әлсіз тұсын ашық айтты. Оның сөзінен түйгеніміз – Қазақстанда цифрландыру бар, бірақ нәтиже жеткіліксіз. Бұған әсер етіп отырған факторлар біріншіден, бірыңғай стратегияның болмай, әр министрліктің цифрландыру шараларын өз бетінше жүргізуі. Осының салдарынан ортақ жоба мен жоспар жоқ, деректер саясаты үйлеспеген, жүйелер бір-бірімен байланыспайды. Екіншіден интеграция әлсіз, ақпараттық жүйелер арасында деректер алмасу толық жолға қойылмаған. Соның салдарынан бір дерек бірнеше рет енгізіліп, уақыт жоғалады, жемқорлық тәуекелі артады.

IT туралы көп айтылғанымен, нақты секторда қолданылуы өте төмен. Ал шын

мәнінде IT көмегімен су тапшылығын болжауға, егін өнімділігін модельдеуге, мал ауруларын алдын ала анықтауға болады. Бірақ бұл бағытта жүйелі саясат әлі қалыптаспаған.

Қазіргі таңда фермерлер мен кәсіпкерлердің ең үлкен шағымы – мемлекеттік жүйелердің жұмысы. Бұл орайда жүйелердің жиі істен шығуы және баяу жұмыс істеуі, уақытша қолжетімсіз болуы түйткілді мәселе болып отыр. Осының салдарынан субсидия уақытында берілмейді, экспорттық құжаттар кешігеді, бизнес шығынға ұшырайды. Бұл тек IT мәселесі емес – тікелей экономикалық шығын.

Жалпы, цифрландырудың тиімділігі дерекке байланысты. Жөргенбаев мырзаның айтуынша, бүгінгі жағдайда деректер толық емес, олар қате немесе ескірген және жүйелі түрде жаңартылмайды. Мұндай жағдайда кез келген цифрлық платформа дұрыс нәтиже бере алмайды. Сондықтан деректер сапасы – цифрландырудың өзегіне айналуы тиіс.

Бүгінде агроөнеркәсіптік кешенде шамамен 1 миллион адам жұмыс істейді. Алайда, бұл салаға 6,5 мың арнайы сала маманы жетпейді. Ауылшаруашылығындағы қызметкерлердің тек 28%-ы жоғары білімді. Ең басты мәселе – цифрлық құзыретті кадрлардың тапшылығы. Бұл технология енгізуді тежеумен қатар, жүйелердің тиімділігін де төмендетеді. Не істеу керек?

Парламенттік тыңдауда осы мәселелерді шешудің бірнеше нақты бағыты айқындалды. Олар агро және су саласы үшін бірыңғай цифрлық платформа құру, барлық IT жүйелерді интеграциялау, судың қозғалысын толық цифрлық бақылауға алу, мемлекеттік қолдауды нақты деректермен байланыстыру, жасанды интеллектті нақты секторға енгізіп, кадр даярлаудың жүйелі моделін қалыптастыру.

Бұдан түйгеніміз, жаппай цифрландыру емес, нәтиже маңызды. Қазақстан бұл үрдісті негізгі басымдыққа айналдырып отыр. Бірақ ендігі кезең бұдан да маңызды әрі әлдеқайда күрделі. Ендігі міндет процестерді емес, нәтижені цифрландыру. Яғни, әр тенге – есепте, әр гектар – бақылауда, әр тамшы су – жүйеде болуы тиіс. Сонда ғана цифрландыру науқан емес, экономиканың нақты драйверіне айналады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

Қазіргі қоғамның дамуы құқықтық мәдениет деңгейімен тығыз байланысты. Заңға құрметпен қарау, азаматтық жауапкершілік пен әділеттілік қағидаларын ұстану – құқықтық мемлекеттің басты негіздерінің бірі. Бұл тұрғыда жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ерекше маңызға ие. Себебі бүгінгі жас буын – ертеңгі қоғамның қозғаушы күші, елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына тікелей ықпал ететін негізгі әлеуметтік топ.

## ЖАСТАР - ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



Жастардың құқықтық мәдениеті – бұл олардың заңдарды білуі ғана емес, сонымен қатар құқықтық нормаларды құрметтеп, оларды күнделікті өмірде саналы түрде ұстану қабілеті. Құқықтық мәдениет адамның құқықтары мен міндеттерін түсінуінен, заңға деген сенімінен және әділдікке ұмтылысынан көрінеді. Сондықтан да құқықтық мәдениетті қалыптастыру – тек мемлекеттік органдардың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы жастардың дүниетанымына айтарлықтай әсер етуде. Әлеуметтік желілер мен цифрлық кеңістікте түрлі құқықтық мәселелер талқыланып, қоғамдық пікір қалыптасады. Бұл жағдай жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға да, кейде керісінше, жалған ақпараттың таралуына да себеп болуы мүмкін. Сондықтан жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруда дұрыс ақпарат пен сапалы құқықтық білім беру маңызды.

Қазақстанда құқықтық мемлекет қағидаларын нығайту бағытында жастардың құқықтық санасын арттыру мәселесіне ерекше назар аударылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінде заң мен тәртіп қағидатын қоғамның негізгі құндылығы ретінде атап өтіп, әрбір азаматтың құқықтық мәдениетін арттыру қажеттігін бірнеше рет ел есіне салған болатын. Бұл – құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі.

Жастардың құқықтық мәдениетін дамыту ең алдымен білім беру жүйесінен басталады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында құқық негіздері пәнін сапалы оқыту, студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру, практикалық сабақтар мен пікірталастар өткізу – осы бағыттағы тиімді әдістердің бірі. Сонымен қатар студенттердің құқықтық тақырыптағы ғылыми жобаларға, дебаттарға және қоғамдық бастамаларға қатысуы олардың

құқықтық ойлауын қалыптастырады.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда жоғары оқу орындарының рөлі ерекше. Университеттерде студенттерге тек теориялық білім ғана беріліп қоймай, құқықтық нормаларды тәжірибеде қолдану дағдылары да үйретілуі тиіс. Әсіресе құқықтық пәндер арқылы

жастардың азаматтық белсенділігін арттыру, олардың қоғамдағы өз орнын түсінуіне ықпал ету маңызды.

Сонымен қатар жастардың құқықтық мәдениетін дамытуда медиация, қоғамдық диалог және құқықтық ағарту жұмыстарының маңызы зор. Дауларды бейбіт жолмен шешу мәдениетін қалыптастыру, пікір алмасу арқылы ортақ шешімге келу – құқықтық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл әсіресе жастар арасында толеранттылық пен жауапкершілік қағидаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибе де жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың маңызды екенін көрсетеді. Көптеген елдерде мектеп қабырғасынан бастап азаматтық білім беру, құқықтық тәрбие және қоғамдық белсенділікке баулу жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл тәсіл жастардың қоғамдағы рөлін түсінуіне және заңды құрметтеу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жастардың құқықтық мәдениеті – қоғамның тұрақтылығы мен дамуының маңызды көрсеткішінің бірі. Құқықтық мәдениеті жоғары жас буын қалыптасқан жағдайда ғана заң үстемдігі орнығып, әділетті қоғам құруға мүмкіндік туады. Сондықтан жастарды құқықтық тұрғыдан сауатты, жауапкершілігі жоғары азамат ретінде тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Жаңа буын заңды құрметтеп, құқықтық құндылықтарды өмірлік ұстанымына айналдырған жағдайда ғана еліміздің құқықтық мемлекет ретіндегі дамуы нығая түспек.

Гүлмира КОБЕГЕНОВА,  
з.ғ.м., аға оқытушы,  
Ш.Есенов атындағы Каспий  
технологиялар және  
инжиниринг университеті

СЕНАТ

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАН ЗЕЙНЕТАҚЫ РЕФОРМАСЫНА ДЕЙІН

Сенаттың көзекті отырысы тек заң қабылдаумен шектелген жоқ. Жоғарғы палатаның дәстүрлі жиынында көтерілген мәселелер ауқымы халықаралық құқықтық ынтымақтастықтан бастап, зейнетақы жүйесі, ғылымды дамыту және жол қауіпсіздігіне дейінгі өзекті бағыттарды қамтыды. Жиында қабылданған шешімдер мен айтылған ұсыныстар елдің құқықтық, әлеуметтік және экономикалық саясатының алдағы маңызды бір бағытын айқындады десек артық айтқандық болмас.

Мәселен, Қазақстан мен Перу арасындағы бірнеше маңызды халықаралық шарт ратификацияланды. Атап айтар болсақ, олар қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек, сотталған адамдарды беру, ұстап беру (экстрадиция) шараларын қамтыды. Бұл келісімдер екі елдің құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-қимылды күшейтіп, трансұлттық қылмысқа қарсы күресті тиімді жүргізуге мүмкіндік береді деген сенім бар. Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, аталмыш құжаттар күдіктілерді ұстап беру рәсімдерін нақтылайды, сотталған азаматтарды елдер арасында ауыстыру тәртібін реттейді, құқықтық көмек көрсету тетіктерін жүйелейді. Маңыздысы – барлық рәсімдер адам құқықтарын сақтау кепілдіктерімен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төнген жағдайда немесе заңнамалар сәйкес келмеген кезде

экстрадициядан бас тарту мүмкіндігі де қарастырылып отыр.

Отырыста айтып өткеніміздей, депутаттық сауалдар арқылы қоғамдағы өзекті мәселелер де көтерілді. Соның бірі сенатор Амангелді Нұғманов Үкімет басшысының назарына салған ел арасында жиі талқыланып жүрген тақырып – зейнетке шығу жайы. Өз сауалында сенатор қазіргі жасқа байланысты зейнетке шығу моделінен еңбек өтіліне негізделген жүйеге кезең-кезеңімен көшу жайлы ұсынысын білдірді. Бұл бастаманың негізгі мәні – азаматқа зейнетке шығу уақытын өзі анықтау мүмкіндігін беру, еңбек өтілі жеткілікті болса, ертерек зейнетке шығуға жол ашу. Сенатордың пікірінше, мұндай модель жұмыссыздықты азайтады, масылдықты төмендетеді, азаматтардың еңбекке жауапкершілігін арттырады.

Сонымен қатар, Нұғманов мыр-



за маңызды әлеуметтік мәселенің бірі – денсаулығына байланысты еңбекке қабілеті төмендеген, бірақ ресми мүгедектік алмаған азаматтардың жағдайын да ортаға салып, нақты ұсыныс жасады. Ол арнайы аурулар тізімі негізінде мерзімінен бұрын зейнетке шығу құқығын енгізуге қатысты болды. Сенатор бұл шараның – әлеуметтік әділеттілікке бағытталған қадам екенін мәлімдеді.

Депутаттық сауалдың бірі – бүгінде алаңдаушылық тудырып отырған ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың әлсіздігі себебіне үнілті.

Осы мәселені көтерген сенатор Ай-нұр Арғынбекованың айтуынша, Қазақстандағы ғылымның басты проблемасы ғылыми жаңалықтарды қолдау тиімділігі төмендігі, яғни нақты экономикаға жетпейтіндігі. Ал, халықаралық тәжірибеде ғылым мен инновация жалпы ішкі өнім өсімінің 60–80% қамтамасыз етеді. Қазақстанда ғылыми жаңалықтардың едәуір бөлігі өндіріске енгізілмейді. Негізгі мәселе –

ғалымдардың әлеуетіне қатысты айтылды. Сенатор ханым бұл орайда әйелдердің ғылымда көп болғанымен, жоғары технологиялық салаларда үлесі әлі төмендігіне назар аударды, бұл мәселеде нақты шешімдер қажеттігін атап көрсетті.

Жиында жасалған тағы бір депутаттық сауалға қоғамдағы ең ауыр проблема – жол-көлік оқиғаларының артуы түрткі болды. Бұл мәселені көтерген сенатор Марат Қожаев осы жағдайларды қазіргі бақылау жүйесінің жеткіліксіз екендігіне назар аударды. Сенатордың айтуынша, түйткілді мәселе кейбір жүргізушілердің айыппұлды жаза емес, «ынғайлылық үшін төлем» ретінде қабылдайтындығынан туындап отыр. Өйткені, бұл түсінік қауіпті мінез-құлпты қалыптастырып, ауыр апаттарға әкеледі. Осы жайлы айта келіп, сенатор орташа жылдамдықты бақылау жүйесін енгізу, жүйелі құқық бұзушыларға жазаны қатаңдату, жол ережесін бұзбайтын жүргізушілерді ынталандыруды ұсынды. Яғни, тәсіл тек жазалауға емес, мінез-құлпты өзгертуге бағытталуы тиіс.

Төктерін айтқанда, Сенат отырысында көтерілген мәселелердің барлығы Қазақстанға жекелеген шаралар емес, жүйелі реформалар қажет деген ойға келтірді. Халықаралық деңгейде – құқықтық интеграция, әлеуметтік салада – әділетті модельдер, ғылымда – нақты нәтиже, қауіпсіздікте – жаңа тәсіл. Бұл бастамалар толық іске асқан жағдайда елдің даму сапасын жаңа деңгейге көтерудің үлкен мүмкіндігіне айналары сөзсіз.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

МЕРЕЙ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі және елдің рухани тірегі. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол халықтың тарихы, мәдениеті мен болмысының айнасы. Сондықтан қазақ тіліне деген құрмет көз келген салада, әсіресе сот жүйесінде ерекше маңызды болуы тиіс.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚҰРМЕТ – ЗАҢҒА ҚҰРМЕТ

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде барлық мемлекеттік органдарда, соның ішінде сот саласында толыққанды қолданылуы қажет. Бұл талап тек заң жүзінде ғана емес, іс жүзінде де орындалуы тиіс. Себебі сот – әділдік орнайтын, азаматтардың тағдыры шешілетін орын.

Сот процесінде тілдің рөлі өте зор. Егер азамат өз ойын ана тілінде еркін жеткізе алмаса, ол өзінің құқықтарын толық қорғай алмайды. Бұл әділ шешім қабылдауға кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан сот отырыстарының қазақ тілінде жүргізілуі – азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызды кепілі.

Әрине бүгінгі күнде талап қоюларды сотқа қазақ тілінде беру жөнінде адвокаттар мен заң консультанттарымен дөңгелек үстелдер өткізіліп келеді. Дегенмен де нәтиже қуантарлық жағдайда емес. Алдағы уақытта да бұл шара тоқтатылмайды. Әрдайым күн тәртібінен түскен емес.

Сонымен қатар, сот саласында

қазақ тілінің кеңінен қолданылуы – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырады. Судьялар, прокурорлар, адвокаттар және басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері қазақ тілін жетік меңгеріп, кәсіби деңгейде қолдана білуі қажет. Бұл – олардың кәсіби жауапкершілігінің бір бөлігі.

Қазақ тіліне деген құрмет – бұл тек тілге деген құрмет емес, ол мемлекетке, халыққа және заңға деген құрмет. Сот саласында мемлекеттік тілдің үстемдігін қамтамасыз ету – әділетті қоғам құрудың негізгі шарттарының бірі. Сот жүйесінде қазақ тілінің қолданысын күшейту – уақыт талабы. Әрбір азамат өз ана тілінде әділдікке қол жеткізе алатын қоғам қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

**Серік ТАБАНОВ,**  
Ақтөбе облысының  
мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік  
сотының судьясы

КИЕ

«СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ»

Ана тілі – мемлекеттің табан тірегінің тұғырлы темірқазығы. Тіл – ұлттың тірегі. Тіл – халқымыздың құндылығы, бабадан қалған мұра, болашақ ұрпағымызға теңдесі жоқ жақұт болуы шарт.



«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрмай жоғалмайды. Ұлттық сакталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін азыруға тырысады», – деп алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы дәріптеген. Демек, кез келген ұлтты жойып, отарлау үшін бірінші кезекте тілін бұрмалау керек екен. Тәуелсіздік алғанмызға үш ондықтан асты, десек те тіл мәселесі әлі күнге дейін өзекті. Оған зор ықпалын тигізген, совет одағының қазақ даласына жүргізген отарлау саясаты.

А.Байтұрсынұлы атамыздың: «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталуы қамын қатар ойлау керек» – деген сөзі еліміздің заманауи кейпіне дөп түскендей.

Тіл саясатын түбегейлі өзгертіп, сырт, өзге, жат тілдерге деген тәзімділікті жоюымыз керек, себебі өзге тілде ойлаудың өзі ұлттың мүддесі үшін қайшы. Заң тұрғысында қазақ тілінің дәрежесін – мемлекеттік тіл дәрежесіне көтергенімен, іс жүзінде үстемдігі әлсіз, оған бірнеше себептер кедергі. Оның бірі кірме, қоспа, сырт сөздердің ресми құжат айналымда қолданылуы. Бұл өзекті

мәселелердің бірі. Тіл – тазалықтың, пәктіктің, имандылықтың жаршысы. Тіл – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің айнасы. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда ана тілімізге онды көзқарас қалыптасып келе жатыр. Ана тіліміз шын мәнінде ұлттық саясаттың негізі, түп-тамыры десек, тілімізге басымдық беріліп, барлық салада басты тілге айналғаны жөн. Қай кезеңде де тіл мәселесі – ұрпағымыздың нәр алатын бұлақ көзі десек артық айтпаймыз, ал бұл орайда біздің азаматтық борышымыз осы құндылығымызды өз биігінде сақтап қалу болып отыр.

Қазіргі жаңа Қазақстан құрылып жатқан қоғамда тілімізге деген қамқорлықтың, жасалып жатқан бірқатар жұмыстардың, атқарылған істердің бәрін тілге деген жанашырлық деп білеміз. Бұл шаралар қазақ тілін дамытуға, өмірдегі қолданыс аясын кеңейтуге едәуір ықпал етері хақ. Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі.

Бүгінгі таңда «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп түсініп, тілдің қоғам өміріндегі қолданысына, оның бүгінгі мен болашағына толғанатын біздің тіл жанашырларының тіл мәселесіне ерекше назар аударып отырғаны анық. Тілді тіл ғылымы мен әдебиеттің нысаны етумен ғана шектелмей, бүкіл қазақ елінің ұлттық сұранысы мен мемлекеттік мәртебесіне айналдыру – қашанда өзекті мәселе.

**Нұршат КАЛИЕВА,**  
Ақтөбе қаласы  
№2 сотының судьясы

БІР МҮДДЕ

ҚОЛЖЕТИМДІ БАСПАНА БОЛАШАҚҚА СТИМУЛ БЕРЕДІ

Жастар үшін баспана мәселесі әлі де өзекті. Тәуелсіздік жылдардан бері елдегі демографиялық жағдай мен урбанизация мәселесі көп өзгерді. Жергілікті тұрғындар саны артқанымен, халықтың көпшілігі орталықтар мен бас қалаларға ағылуда. Мұның бәрі әрине, алғашқы кезекте әлеуметтік мәселелер мен жұмыссыздыққа байланысты еді. Алғашқы кезде атқарушы билік бұл мәселені реттеуге бірден кешенді бағдарламалар әзірлей алмай дағдарған. Бірақ уақыт өте келе мемлекет жастардың баспана алуын жеңілдету үшін түрлі жобаларды тұрғын үй саясаты аясында іске асырудың жолдарын қарастырды.

Өртүрлі әлеуметтік бағдарламалар мен жеңілдетілген ипотека, жалға берілетін тұрғын үйлерді ұсыну біраз түйткілді шешті. Тұрақты тіркелім мен заңды жұмысы болмау жастардың жеке басына қатысты құжат пакеттерін жинауда үлкен кедергілер келтірді. Зейнетақы жарнасы, сақтандыруы, айлығы заңды, ресми жүрмегендіктен қалаға келген жас отбасылар мен жекелеген адамдар аз табысты қанағат етті. Ол болашаққа капитал емес, тек күнкөріс реті еді.

Жас отбасылар мен отау көтермеген көптеген жастардың баспаналы болуына кедергі келтірген тағы бір мәселе – жылжымайтын мүліктің жоғары құны болды. Әсіресе Алматы мен Астана жастардың баспана алу арманын алыстата берген. Өйткені бұл қалаларда баспана алу үшін бастапқы жарна жинау мәселесі де қиын болатын. Бірақ бұл ахуал соңғы жылдары сәл де болса жеңілдей бастағандай. «Отбасы тұрғын үй жинақ банкісі» бұл ретте баспаналы болуды армандаған көп отбасы мен жастарға өз септігін тигізді. Оның төменгі пайыздық мөлшерлемелері мен ипотекалық несиесі жүйесінің тиімділігіне орай өңірлерден келген көп жас баспаналы болды.

«7-20-25», «Бақытты отбасы» бағдарламасы, жастарға арналған арендалық тұрғын үй, «Отбасы банкі» арқылы қолжетімді ипотека, басқа да депозиттік жүйелер мемлекеттің Қазақстандағы жастарды тұрғын

– белгілі бір мерзімге жас мамандарға қолжетімді баспана беру, сондай-ақ өз үйін сатып алу үшін бастапқы жарнаға қаражат жинауына ықпал ету. Ай сайынғы жалдау ақысы өте қолжетімді – 5000 теңге мен 15 000 теңге аралығында болды.

Бағдарлама 10 мыңнан астам жас қазақстандықты қамтыды. Бағдарлама шарттары бастапқыда келісімшарт арқылы бекітіліп, кезеңдер бойынша параметрлер нақтыланды. Соның



үймен қамтамасыз ету мақсатындағы өзін ақтаған жобалар.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева өзінің фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасында «Тұрғын үй мәселесі – жас отбасылар мен мамандар үшін ең маңызды мәселенің бірі. Сондықтан бүгін мен жұмыс істейтін жастарға жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы туралы айтып өткім келеді» деді. Мемлекет жастардың болашағына әрқашан үлкен жауапкершілікпен қарап, олардың ертеніне үлкен сенім артатынын және жалға берілетін пәтерлер реті мен тәртібі министрдің түсіндіруінше: бұл бағдарлама Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істейді. Оның нақты мақсаты

ішінде тұрғын үй беру мерзімі өзгерді. Бұл ретте негізгі қағидат өзгеріссіз қалды, яғни, тұрғын үй сатып алу құқығынсыз жалға берілді.

Бұл ретте кейбір азаматтардың пәтерді өздерінде қалдыруға ниет білдіргенін жақсы түсінеміз. Алайда мемлекеттік шешімдер заңға және барлығына бірдей ережелерге негізделуі керек. Егер келісімшартта, ережелерде сатып алу қарастырылмаған болса, онда оны өзгерту – басқа азаматтар мен қатысушылар үшін әділетсіздік болар еді.

Ең маңыздысы, мемлекет жастарға ұдайы қолдау көрсетіп келеді. Қосымша жаңа, тұрақты бағдарламалар ұсынылды. Мәселен, «Отбасы банкімен» бірлесіп 17 өңірде жеңілдетіл-

ген ипотекалық бағдарламалар іске қосылды. Соның аясында 12 мыңға жуық жас маман жаңа пәтерге ие болды. Оның 1,6 мыңнан астамы жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасының қатысушылары.

Сондай-ақ жас азаматтар «Отау» және «Наурыз», «Наурыз Жұмыскер» республикалық бағдарламалары арқылы баспаналы болды. Бүгінгі таңда барлық мақұлданған өтінімдердің 62%-ы 35 жасқа дейінгі азаматтарға тиесілі.

2026 жылғы 9 қаңтарда Құрылыс кодексі қабылданды. Оған қоса заңнамаға, соның ішінде жастар саясаты бойынша жекелеген тетіктерді реттеуге байланысты нормаларға өзгерістер енгізілді.

Соған сәйкес, 2026 жылғы 27 наурыздағы № 136-НҚ бұйрық негізінде «Жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидаларын бекіту туралы» бірқатар бұйрықтардың күші жойылып, жұмыс істейтін жастарға арналған жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы тоқтатылады. Босатылатын тұрғын үй қорын одан әрі пайдалану мәселесі тұрғын үй заңнамасына және белгіленген кезекке сәйкес шешілетін болады, бұл жергілікті атқарушы құрылымдардың құзыретінде.

Қазіргі жалға алушыларға келетін болсақ: жалдау мерзімі аяқталғандар шарт талаптары мен бекітілген тәртіп шеңберінде әрекет етуі керек.

Жалдау мерзімі кейін аяқталатындар келісімшарт аяқталғанға дейін пәтерде тұра алады. Барлық сұрақтар бойынша әкімдіктер мен «Отбасы банктен» кеңес алуға болады. Мәселені кейінге қалдырмай, ипотекалық бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктерін алдын ала бағалау маңызды. Тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған жұмыс жалғаса береді.

Расында, мемлекеттің жастардың баспаналы болуына жәрдемдесетін мұндай бағдарламаларды көбейткені, бар бағдарламаны жалғастыра бергені көпшіліктің үмітін үкілейді. Болашаққа стимул беріп, жоспарларына шабыт сыйлайды.

**Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН**

АҚЖОЛТАЙ

Алматы облысының Іле ауданындағы Өтеген батыр ауылында орналасқан «Өтеген батыр Арена» деп аталатын нысан жақында қолданысқа берілді. Онда футбол, волейбол, баскетбол және басқа да спорт түрлерімен айналысуға барлық мүмкіндік бар. Жалпы аумағы 3 мың шаршы метрге жуықтайтын бұл нысан жеке инвестордың 200 млн теңге қаржысына салынған.

СПОРТ КЕШЕНДЕРІ БОЙ КӨТЕРДІ

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жансерік Әдирахметовтың айтуынша, қазіргі уақытта тағы 3 ірі спорт кешенінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Біріншісі – Кеген ауданы Жалағаш ауылындағы 50 орындық спорт кешені. 1,1 млрд теңгелік бұл жоба заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару тетігі аясында мемлекеттік қор есебінен жүзеге асырылуда. Екіншісі – Жамбыл ауданы Тарғап ауылындағы 70 орындық спорт кешені. Үшіншісі – Ұйғыр ауданы Шонжы ауылындағы 70 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені. Бұдан бөлек 14 спорт нысанының жобалық-сметалық құжаттамасы дайын болып, тағы 4 нысанның жобалық-сметалық құжаттары әзірлену үстінде.

Облыс аумағында қазір 1891 спорттық құрылым жұмыс істейді. Оның 1193-і білім беру ұйымдарына, 195-і спорт мектептеріне тиесілі болса, 503-і дене шынықтыру-спорттық бағыттағы нысандар. 2025 жылғы спорт мекемелерінде 67 спорт түрі бойынша 25 285 спортшы тіркелді. Сондай-ақ дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде айналысатындар саны 2024 жылмен салыстырғанда 1,3 пайызға артып, 625 735 адамға жетті. Бұл облыс тұрғындарының 42,7 пайызын құрап отыр. Былтыр облыс спортшылары түрлі деңгейдегі жарыстарда 2140 медаль жеңіп алды. Оның 778-і алтын, 628-і күміс, ал 734-і қола жүлде. Атап айтқанда Азия чемпионаттары мен кубоктарында 52 алтын, 23 күміс және 28 қола медаль олжаласа, Әлем чемпионаттары мен кубоктарында 80 алтын, 52 күміс және 53 қола жүлде иеленді.

Алматы облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының 2026–2028 жылдарға арналған азаматтық бюджеті 59 672 млн теңгені құрап отыр. Оның 19 963 млн теңгесі 2026 жылға, 19 713 млн теңгесі 2027 жылға, 19 996 млн теңгесі 2028 жылға. Басқарманың стратегиялық жоспары бойынша 6 бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде халықтың дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануы 43 пайызға, аймақтық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі 52,5 пайызға жеткізілетін болады.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»



## ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Соңғы жылдары «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының қызметіне қатысты сын-пікірлер көбейді. Өзіңіздің жеке пікіріңіз қандай? Палата қызметіне көңіліңіз тола ма?

– «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының қызметі әртүрлі бағаланады. Көп жағдайда нақты кәсіпкерлердің тәжірибесіне және өңірге байланысты. Бір жағынан, палата маңызды рөл атқарады: бизнестің мүдделерін мемлекет алдында қорғайды; заңдар мен қолдау бағдарламаларын әзірлеуге қатысады; кәсіпкерлерге консультациялық көмек көрсетеді; экспортты дамытуға және оқытуға ықпал етеді.

Екінші жағынан, сын-пікірлер де бар: өңірлерде бизнес мәселелері әрдайым жедел шешіле бермейді; кейбір кәсіпкерлер көрсетілетін қолдауды жеткіліксіз деп санайды; кейде өтініштерге формальды қарау байқалады.

Жалпы алғанда, «Атамекен» – Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту үшін қажет институт. Алайда оның тиімділігі көбіне жергілікті деңгейдегі нақты жұмысқа және бизнеспен кері байланысты үнемі жақсартуға негізделген.

– Қазақстанда заңды тұлғалардың саны 2 миллионнан асқанымен, нақты өнім өндірушілер үлесінің әлі төмен болуы неліктен?

жұмсартылды, кәсіпкерлердің ескертулерін ескере отырып қайта қаралды. Мемлекетпен диалог – талқылау алаңдары (жұмыс топтары, қоғамдық тыңдаулар) бизнес позициясын жеткізуге мүмкіндік берді. Салалық қорғау – кейбір секторлар жеңілдіктерді немесе арнайы режимдерді сақтап қалуға қол жеткізді.

Толық жүзеге аспаған тұстар: барлық бастамалар қабылданбады – мемлекет ең алдымен фискалдык мүдделерді басшылыққа алды. Негізгі шешімдерге ықпал шектеулі болды – стратегиялық нормалар көбіне түбегейлі өзгеріссіз қабылданды. Бизнестің бытыраңқылығы – әртүрлі салалар өз мүдделерін бөлек қорғады, бұл ортақ ұстанымды әлсіретті.

Негізгі себептер: бюджет пен макроэкономикалық тұрақтылықтың бағамдылығы; кәсіпкерлер қауымдастығының жеткіліксіз деңгейде біріге алмауы; қауымдастықтардың белсенділігі мен кәсібилігінің әрқелкілігі.

Қауымдастықтар мен одақтар бизнестің мүдделерін ішінара қорғай алды, бірақ олардың ықпалы шектеулі болды. Болашақта тиімді қорғау үшін күшті бірігу, жүйелі талдау және заңнаманы әзірлеудің бастапқы кезеңдеріне бизнестің белсенді қатысуы қажет.

– Кәсіпкерлікті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы туралы жеке пікіріңіз қандай?



Жұмабек БАСТАУБАЕВ, «KASIPKER» кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы:

# «КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЕМЕС»

– Бұл жағдай экономикалық және институционалды факторлардың жынтығымен түсіндіріледі:

1) Сауда және қызмет көрсету саласының басымдығы. Қазақстанда өндіріс саласына қарағанда сауда немесе қызмет көрсету саласында бизнес бастау оңай әрі жылдам. Өндіріс көп инвестицияны, уақытты және технологияны талап етеді.

2) Өндірісті іске қосу шығындарының жоғары болуы. Өндірістік кәсіпорын ашу жабдыққа, шикізатқа, логистикаға және инфрақұрылымға кететін шығындармен байланысты. Бұл кәсіпкерлерді тежейді.

3) Қаржыландыруға қолжетімділіктің шектеулілігі. Өнеркәсіпке арналған несиелер көбіне қымбат немесе үлкен кепілді талап етеді, сондықтан шағын және орта бизнеске өндіріс саласына кіру қиын.

4) Импортқа тәуелділік. Көптеген тауарларды ел ішінде өндіруге қарағанда шетелден әкелу арзанырақ, әсіресе нарық көлемі шағын болған жағдайда.

5) Технологиялар мен кадрлардың жетіспеушілігі. Білікті мамандар мен заманауи технологиялардың жетіспеуі өңдеуші өнеркәсіптің дамуын шектейді.

6) Әкімшілік кедергілер. Рұқсаттар алу, инфрақұрылымға қосылу, тексерістер сияқты қиындықтар да әлеуетті өндірушілерді тежейді.

7) Экономика құрылымы. Қазақстан экономикасы тарихи түрде өңдеуге емес, шикізат секторына бағытталған. Заңды тұлғалардың көп болуы дамыған өнеркәсіпті білдірмейді. Өндірушілер үлесін арттыру үшін қолжетімді қаржыландыру, кедергілерді азайту, технологияларды дамыту және өндірістік секторды жүйелі түрде қолдау қажет.

– Салалық кодексті сияқты маңызды құжатты қабылдауда салалық қауымдастықтар мен одақтар өз мүддесін қаншалықты қорғай алады?

– Салалық қауымдастықтар мен одақтардың, соның ішінде Атамекен Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Салалық кодекстің қабылдау үдерісіндегі ролі айтарлықтай болды, алайда олардың ықпалын толық шешуші деп айтуға болмайды.

Не іске асты: бизнестің ұсыныстары ішінара ескерілді – бірқатар нормалар

– Қазақстандағы кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар белгілі бір нәтиже беріп отыр, алайда олардың тиімділігі әлі де жоғары емес. Бір жағынан, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы сияқты институттардың қатысуымен мемлекет: қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтеді (субсидиялар, кепілдіктер, жеңілдетілген несиелер); шағын және орта бизнесті қолдайды; кәсіпкерлер үшін оқыту және кеңес беру жүйесін дамытады; жұмыспен қамтуды және іскерлік белсенділікті ынталандырады.

Екінші жағынан, жүйелік мәселелер бар: формальды орындау тәсілі – кейде бағдарламалар нақты нәтижеге емес, «есеп үшін» орындалады; қолжетімділіктің біркелкі болмауы – өңірлерде кәсіпкерлер ірі қалаларға қарағанда аз қолдау алады; бюрократия және күрделі рәсімдер шаралардың тиімділігін төмендетеді; өндіріс саласына төмен бағдарлану – қолдаудың едәуір бөлігі сауда мен қызмет көрсету бағыталады.

Мемлекеттік бағдарламалар маңызды рөл атқарады, бірақ олардың іске асырылуы ашықтықты арттыруды, нәтижеге бағдарлануды және өндірістік бизнеске басымдық беруді талап етеді. Орындау сапасын бақылауды күшейтіп, кәсіпкерлердің нақты қажеттіліктерін ескерген жағдайда, тиімділік айтарлықтай жоғары болады.

– Еуразиялық экономикалық одақтың Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуына әсері қалай?

– Еуразиялық экономикалық одақтың Қазақстандағы кәсіпкерлікке әсерін екіжақты деп бағалауға болады. Оның артықшылықтары да, кемшіліктері де бар. Оң жақтары: нарықтың кеңеюі. Қазақстандық компаниялар ЕАЭО елдерінің (Ресей, Беларусь, Армения, Қырғызстан) ортақ нарығына қол жеткізіп, экспортты жеңілдетті. Кедергілердің азаюы дегенде кедендік рәсімдердің жеңілдетіліп, бірыңғай техникалық регламенттердің сауданы оңайлатқанын айтуға болады. Ресурстардың еркін қозғалысы да маңызды. Одақ ішінде тауарлар, қызметтер, капитал және жұмыс күші еркінрек қозғалады. Сондай-ақ бірлескен жобалар мен өндірістік тізбектер құру мүмкіндіктері артты.

Теріс жақтары: жоғары бәсекелес-

*Қазақстандағы кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар белгілі бір нәтиже беріп отыр, алайда олардың тиімділігі әлі де жоғары емес. Мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы ашықтықты арттыруды, нәтижеге бағдарлануды және өндірістік бизнеске басымдық беруді талап етеді. Орындау сапасын бақылауды күшейтіп, кәсіпкерлердің нақты қажеттіліктерін ескерген жағдайда, тиімділік айтарлықтай жоғары болады.*

тік. Қазақстандық өндірушілер, әсіресе Ресейдің ірі компанияларымен бәсекеге түсуде. Импортқа тәуелділік те бар. Импорттық тауарлар үлесінің өсуі жергілікті өндіріске қысым жасайды. Осыдан тең емес жағдай қалыптасып, мемлекеттік қолдау деңгейі мен экономика ауқымындағы айырмашылықтар теңсіздік туғызады. Бүгінде экспорттың негізгі бөлігі әлі де шикізатқа тиесілі, жоғары технологиялық өнімдер аз.

ЕАЭО бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, алайда Қазақстанға өз кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін, әсіресе өндірістік секторда, күшейту маңызды. Әйтпесе, одақтың артықшылықтары толық пайдаланылмайды.

– Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу кәсіпкерлерге қандай пайда әкелді?

– Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі кәсіпкерлерге бірқатар нақты артықшылықтар әкелді. Негізгі артықшылықтары: 1) Әлемдік нарықтарға қолжетімділік. Қазақстандық компаниялар шетелдік нарықтарға шығудың неғұрлым тұрақты және болжамды шарттарына ие болды.

2) Сауда кедергілерінің азаюы. Кедендік баждар мен шектеулер ашық әрі кейбір жағдайларда төмен болды, бұл экспорт пен импорты жеңілдетті.

3) Бизнес мүдделерін қорғау. ДСҰ тетіктері арқылы мемлекет сыртқы нарықтарда кемсітушілік болған жағдайда өз экспорттаушыларын қорғай алады.

4) Ойынның ашық ережелері. Бірыңғай халықаралық нормалар инвесторлар мен серіктестердің сенімін арттырады.

5) Бәсекелестіктің өсуі. Бұл белгілі бір қиындық туғызғанымен, бизнеске өнім сапасы мен тиімділігін арттыруға ынталандырады.

Кемшіліктері мен сын-қатерлер: импортпен бәсекелестіктің күшеюінен, мемлекеттік қолдауға шектеудің енгізілуінен, барлық компаниялардың халықаралық стандарттарға дайын болмауынан туындайды.

ДСҰ-ға мүшелік кәсіпкерлікті дамытуға үлкен мүмкіндіктер ашты, алайда ең көп пайда халықаралық деңгейде бәсекеге дайын компанияларға тиді. Қалғандары үшін бұл жаңғырту мен сапаны арттыруға елеулі ынталандыру болды.

– Салалық қауымдастықтар тарапынан импорттық өнімге салынып салықтық молишерлені ұлғайту туралы ұсыныстар қаншалықты негізді?

– Салалық қауымдастықтар тарапынан мұндай ұсыныстар ішінара негізделген болуы мүмкін, алайда оларды өте мұқият әрі төнгерімді түрде қарастыру қажет. Бұл қай кезде орынды? Мәселен, отандық өндірушіні қорғау – егер жергілікті компаниялар қалыптасу кезеңінде болып, арзан импортпен бәсекелесе алмаса; өнеркәсіпті дамыту – уақытша шаралар өндірісті жергіліктендіруді ынталандыруы мүмкін; жосықсыз бәсекелестіктің болуы – демпинг немесе субсидияланған импорт жағдайында.

Қай кезде тәуекелі басым? Тұтынушылар үшін бағаның өсуі – импорттық тауарлар қымбаттайды; бәсекелестіктің төмендеуі – отандық компаниялар даму ынтасын жоғалтуы мүмкін; басқа елдердің жауап шаралары – сауда шектеулері енгізілуі ықти-

мал; Дүниежүзілік сауда ұйымы және Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы міндеттемелер тұрғысынан алғанда Қазақстанның тарифтерді еркін түрде көтере алмайтынын ескеру керек.

Импортқа салықты арттыру жөніндегі бастамалар уақытша және нүктелік шаралар ретінде негізді болуы мүмкін, бірақ ұзақ мерзімді стратегия ретінде емес. Одан да тиімді жол – отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін технологиялар, қаржыландыру және ішкі кедергілерді азайту арқылы арттыру.

– Импорттық өнімдердің бәрі бірдей сапалы бола бермейтініне қазір көпшіліктің көзі жетті. Алайда олардың көлемі жыл өткен сайын көбеймесе, азияр емес. Бұл кедендік тексерудің әлсіздігінен бе?

– Қысқаша айтқанда – мәселе тек кедендік бақылауда ғана емес. Импорттың өсуі – әлдеқайда кешенді құбылыс. Негізгі себептер: 1) Баға және сұраныс. Импорттық тауарлар көбіне арзанырақ болады, сондықтан сапасы орташа болса да тұтынушылар оларды тандайды. 2) Жергілікті өндірістің жеткіліксіз дамуы. Ішкі нарық сұранысты баға, ассортимент немесе көлем бойынша толық қамтамасыз ете алмаса, импорттың өсуі сөзсіз. 3) Жаһандық сауда және нарықтардың ашықтығы. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымы және Еуразиялық экономикалық одақ құрамына қатысуы жағдайында сауда ережелері неғұрлым либералды болып, қатаң кедергілерді шектейді. 4) Сапаны бақылау – тек кеденнің міндеті емес. Кеден негізінен құжаттарды, тауардың құнын және шығу тегін тексереді. Ал сапаны

басқа органдар бақылайды (сертификаттау, санитарлық және техникалық бақылау). Мәселелер осы кезеңдерде туындауы мүмкін. 5) Көлеңкелі импорт және адал емес жеткізушілер. Кейбір тауарлар заңбұзушылықпен немесе төмендетілген бағамен енгізілуі мүмкін. 6) Ішкі бақылау жүйесінің әлсіздігі. Ел ішінде (сауда желілерінде, базарларда) бақылаудың жеткіліксіздігі сапасыз тауарлардың нарықта қалуына мүмкіндік береді.

– Қазақстанда ішкі нарықтағы бағаны тұрақтандыру үшін шикізатты экспорттауға шектеу енгізу азаймай тұр. Бұл өндірушілер құжын шектеу деп ойламайсыз ба?

– Мұндай шараны өндірушілердің құқықтарын ішінара шектеу ретінде қарастыруға болады, бірақ ол әрдайым негізсіз деп айтуға болмайды. Мұның бәрі мүдделер балансына байланысты. Мемлекет шектеулерді не үшін енгізеді: ішкі бағаны тұрақтандыру – шикізат пен тауарлар құнының күрт өсуін болдырмау үшін; Ішкі нарықты қамтамасыз ету – тапшылық кезінде басымдық ішкі тұтынушыларға беріледі; Әлеуметтік тұрақтылық – әсіресе отын, азық-түлік сияқты сезімтал тауарлар бойынша.

Өндірушілер үшін мәселе неде? Біріншіден, табыстың төмендеуі – экспорт көбіне ішкі нарыққа қарағанда тиімді. Екіншіден, бизнес еркіндігінің шектелуі – компаниялар нарықты еркін тандай алмайды. Үшіншіден, инвестициялық тартымдылықтың төмендеуі – тұрақсыз ережелер инвесторларды алаңдатады.

Халықаралық аспект тұрғысынан алсақ, мұндай шаралар Дүниежүзілік сауда ұйымы және Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы міндеттемелерді ескеруі тиіс, мұнда шектеулерге рұқсат етілген. Иә, бұл белгілі дәрежеде өндірушілердің құқықтарын шектейді. Дегенмен, дұрыс және уақытша қолданылған жағдайда мұндай шаралар экономика мен халық мүддесінде пайдалы болуы мүмкін. Негізгі талап – шектеулердің ашық, қысқа мерзімді және өндірушілерді қолдаумен бірге жүргізілуі.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

МІНБЕР

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК БӘРІНЕН БИІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, жетім балалар, мектепті «Алтын белгімен» бітірген түлектер және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары қамтылады. «Білім туралы» және «Әскери қызмет туралы» заңдарда аталған мүмкіндіктер қарастырылған. Алайда «Арнаулы мемлекеттік органдар туралы» заңында көзделмеген, – деді Мәжіліс депутаты.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Арнаулы мемлекеттік органдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заң жобасында мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы белгіленген талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған жауапкершілікті енгізу ұсынылады.

Бүгінде қарапайым азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда интернет-қылмысқа қарсы тиімді күрес жүргізу жұмысы өте маңызды. Әр адамның жеке дерегінің, қаржысы мен күнделікті цифрлық өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету өте маңызды. Ал бұл қызметті тиімді атқару заманауи цифрлық құзырет пен аналитикалық дағдылары бар жоғары білікті кадрларсыз мүмкін емес. Сондықтан заң жобасында IT саласындағы талантты жастарды, қабілетті мамандарды арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке тарту тетігі ұсынылады, – деді Б.Керімбек. Депутаттың айтуынша, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, IT-мамандарды тартуда икемді тәсілдерді қолдану мемлекеттік институттардың инновацияларды тезірек енгізуіне, цифрлық дамудың тиімділігін арттыруына мүмкіндік береді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ, «Заң газеті»

КИНО САБАҚ

ОҢАЙ ОЛЖА ОРҒА ЖЫҒАДЫ

Бейімбет Майлин ауданының прокуратурасы аудандық полиция бөлімімен бірлесіп, көмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында Май жаппы білім беретін мектебінің оқушыларымен кездесу ұйымдастырды.

Оқушыларға буллинг, бұзақылық, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабар беру, есірткі құралдарының заңсыз айналымы және басқа да құқық бұзушылықтар жасаудың әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы түсіндірілді.

Кездесу соңында оқушыларға есірткінің зияны мен оны қолдану және тарату салдарының зардаптары туралы «Закладчики. Мать» атты деректі фильм көрсетілді. Аталған фильм нақты мысалдар арқылы жеңіл табыс табу мақсатында есірткі таратумен айналысып, нәтижесінде бас бостандығынан айырылған жастардың тағдырын көрсетеді.

Фильм кейіпкерлерінің мысалы есірткі бизнесіне апаратын жол әрдайым қайғылы жағдаймен аяқталатынын, тек жас адамның өзі үшін ғана емес, оның жақындары үшін де ауыр салдарға әкелетінін айқын дәлелдейді.

Жалпы, бұл фильм ауданның барлық мектептеріндегі 700-ден астам оқушыға көрсетілді. Бейімбет Майлин ауданының прокуратурасы ескертеді: есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қатысу қатаң қылмыстық жауапкершілікке әкеледі.

«Жылдам табыс» туралы ұсыныстарды қабылдауда ерекше сақ болу қажет. Мұндай ұсыныстар көбінесе қылмыстық әрекеттермен байланысты болып келеді және болашақ үшін ауыр салдарға соқтыруы мүмкін.

Қостанай облысы прокуратурасының баспасөз қызметі

ҚАЗЫНА

Алматы облысы Ұйғар ауданының орталығы Шонжы ауылындағы аудандық кітапхана заман талабына сай қайта жаңартылды. Онда 39 қызметкер еңбек етеді, оның 29-ы кітапханашы. Қорында 68 мыңнан астам кітабы бар аудандық кітапханаға қазіргі таңда 10 мың оқырман тіркелген.

Жаңартылған кітапхана тек кітап оқитын орын ғана емес. Мұнда балаларға арналған бөлімдер, оқу залдары, сондай-ақ жастарға арналған коворкинг орталығы жұмыс істейді. Енді бұл нысан түрлі мәдени және білім беру шаралары өтетін маңызды орталыққа айналады.

«Бұл – жастар үшін үлкен мүмкіндік. Осы жерде олар өздерінің шығармашылық идеяларын дамытып, жаңа



бастамаларын жүзеге асырып, тіпті бизнес жобаларын да қолға ала алады. Мұндай орталықтар жастардың мақсаттарына жетуіне жол ашады», – дейді Алматы облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры Мақсат Кенешов.

Облыстық орталық әмбебап кітапхананың директоры Ғалия Тоқабасованың айтуынша, былтыр мұндай жоба Қонаев қаласында жүзеге асқан. Биыл ол ең бірінші боп Шонжыда жалғасын тауып отыр. Енді жақын арада Қарасай ауданындағы Жандосов ауылын-

СОТ СӨЙЛЕСІН

Сот шешімі – сот жұмысының ең негізгі түйіні. Сотқа жүгінген азаматтар өз құқықтарының мінсіз қорғалып қана қоймай, судья шығарған шешімнің дер кезінде орындалғанын қалайды. Себебі, сот актілері орындалуымен құнды.

СОТ ШЕШІМІ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ



ҚР Азаматтық процесстік кодексінің 21-бабының 2, 3-бөліктеріне сәйкес заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ сот төрелігін жүргізу кезінде соттар мен судьялардың өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары және басқа да өтініштері барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар үшін міндетті және Қазақстан бүкіл аумағында орындалуға жатады. Сот актілерін орындамау, сол сияқты сотты құрметтеудің өзге де көрінісі заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Әкімшілік әділет жүйесінде сот бақылауы – мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың және өзге де әкімшілік әрекеттердің заңдылығын қадағалау құралы. Бұл бақылау

негізгі өзегі – әкімшілік органдардың шешімдері мен әрекеттерінің заңдылығын қамтамасыз ету. Осы орайда сот бақылау институты азамат пен мемлекет арасындағы теңгерімді сақтайтын басты тетікке айналды.

ӘРПК-нің 28-тарауы сот бақылауына арналған. 171-бап-

та көрсетілгендей, сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін сот үш жұмыс күні ішінде жауапкерге орындау үшін жібереді. Ал жауапкер өз кезегінде сот шешімін бір айдың көлемінде орындауы тиіс, әрі шешімнің орындалғанын сотқа хабарлауға міндетті. Яғни, ӘРПК талаптарына сәйкес шешімдердің орындалуы соттың тікелей бақылауында болады.

ӘРПК-нің маңызды ерекшеліктерінің бірі – белсенді сот қағидаты. Сот істің барлық мән-жайын толық әрі жан-жақты зерттеуге міндетті. Бұл, әсіресе, азамат пен мемлекеттік орган арасындағы құқықтық теңсіздікті жоюға бағытталған. Сот заңсыз әкімшілік актіні жою, әрекетті заңсыз деп тану немесе әкімшілік органға белгілі бір міндет жүктеуі мүмкін.

Алайда соттың шешім шығаруы – қорытынды кезең емес. Негізгі мәселе – сол шешімнің орындалуы. Егер сот мемлекеттік органды белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттесе, ол міндет уақытылы және толық орындалуға тиіс. Осы тұста ӘРПК-нің 171-бабы ерекше маңызға ие.

171-бапта сот бақылауы институты көзделген. Бұл нормаға сәйкес, сот әкімшілік істер бойынша шығарылған шешімдердің орындалуын бақылауға құқылы. Яғни, сот өз актісінің формальды түрде емес, нақты

... сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін сот үш жұмыс күні ішінде жауапкерге орындау үшін жібереді. Ал жауапкер өз кезегінде сот шешімін бір айдың көлемінде орындауы тиіс, әрі шешімнің орындалғанын сотқа хабарлауға міндетті. Яғни, ӘРПК талаптарына сәйкес шешімдердің орындалуы соттың тікелей бақылауында болады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда Қазақстанның құқықтық жүйесінде әкімшілік әділеттің орны ерекше. Оның

орындалуын қамтамасыз ету тетіктеріне ие.

Сот бақылауының мазмұны мыналарды қамтиды: - сот шешімінде орындау мерзімін белгілеу;

- жауапкерді (әкімшілік органды) шешімнің орындалуы туралы есеп беруге міндеттеу;

- шешім орындалмаған жағдайда процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану.

Бұл – сот актілерінің міндеттілігін нақты жүзеге асырудың құқықтық кепілдігі. Әсіресе жер қатынастары, тұрғын үй, әлеуметтік төлемдер, мемлекеттік қызмет көрсету салаларында сот шешімінің орындалуы азаматтардың құқықтарын шынайы қалпына келтіруге тікелей әсер етеді.

Сот бақылауы – мемлекеттік органның сот актісін созбалауға салуына немесе формальды түрде орындауына жол бермейтін пәрменді құрал. Ол сот билігінің беделін арттырып, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтады.

Егер сот шешімі орындалса ғана азамат заң арқылы өз құқығын қорғауға болатынына көз жеткізеді.

Сонымен қатар, сот шешімі белгіленген уақытта ерікті түрде орындалмаса, алғашқы сатыдағы сот ақшалай айыппұл салады. Ақшалай өндіруді қолдану шарасы ӘРПК-нің 127-бабы бойынша жүзеге асырылады. Соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағаны үшін сот осы сот актісінде ол бір айдан аспайтын мерзім ішінде орындалуға жататын мерзімді көрсете отырып, жауапкерге елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Статистика бойынша 2024 жылдың көрсеткіштері негізінде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотымен мемлекеттік мекеме басшыларына және қызметкерлеріне жалпы алғанда 58 ақшалай өндіру қолданған, сомамен шаққанда 7 753 200 теңгеге, оның 6 424 080 теңгесі мемлекет пайдасына өндіріліп, толық орындалған.

2025 жылдың көрсеткіштеріне сәйкес 117 ақшалай өндіру қолданылған, сомаға шаққанда 10 562 676 теңгені құраса, оның 9 453 856 теңгесі мемлекет пайдасына өндіріліп, орындалған.

Қорытындылай келе, әкімшілік әділет саласындағы реформалардың мәні – тек жаңа рәсімдер енгізуде емес, сот шешімдерінің нақты орындалуын қамтамасыз етуде. 171-бапта көзделген сот бақылауы – осы мақсатқа жетудің тиімді механизмі. Себебі әділдік жарияланған сәтте емес, орындалған кезде ғана шынайы құндылыққа ие болады.

Ж.ЖАНАТБЕКОВА, Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА КІТАПХАНАЛАР ҚАЙТА ЖАҢАРТЫЛУДА

да және Еңбекшіқазақ ауданындағы Шелек ауылдық кітапханаларында да осындай жаңғыртылған нысандар ашылады.

Ұлттық статистика бюросының сайтында өңірдегі кітапханалардың қазіргі санына қатысты мәлімет жок. Ондағы мәлімет бойынша, 2024 жылы өңірде 143 кітапханаға келушілер саны – 2 426 329 адамды құрады. Ондағы компьютерлердің жалпы саны – 167 болып, кітапханалардың 45-інде ғана интернет желісіне қатынау мүмкіндігі болды. Сондай-ақ кітапхана ғимараттарының тек 14-і ғана мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімді болатын. Кітапханаларда 644072 адам қатысқан 13717 мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілді. Олардың 522-сі онлайн режимде өткізіп, оған қатысушылар саны 84513 адамды құрады.

2023–2024 жылдары өңірдегі кітапханалар саны өзгеріссіз қалған. Биыл

оның қатары толығуда. Атап айтқанда, қаңтарда Кеген ауданындағы Тоғызбұлақ ауылында Қапез Байғабылұлының 130 жылдығына орай қорында 3 мың кітабы бар жаңа ауылдық кітапхана ашылды. Онда кітап қорын есепке алуға және оқырмандарға қажетті әдебиеттерді жылдам табуға мүмкіндік беретін автоматтандырылған ИРБИС кітапханалық жүйесі енгізілген.

«Бүгінде ауданымызда 13 кітапхана жұмыс істейді, ал бұл – он төртіншісі. Қазіргі таңда кітапханалар тек кітап сақтайтын орын ғана емес, білім мен мәдениеттің, шығармашылық пен қарым-қатынастың орталығына айналып отыр. Олар барлық жастағы тұрғындарды біріктіріп, ауылдың мәдени өмірін нығайтып, рухани дамуына үлес қосады», – деді онда Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

## ЖАРИЯ СОТ ОТЫРЫСЫ

## БАЗЫНА

Көкшетау қалалық сотында жастар арасында есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, жоғары оқу орны студенттері үшін жария сот отырысы өткізілді.

## ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫ ЖАСЫРҒАНДАР СОТТАЛДЫ

Сотта психотроптық затты өткізу мақсатында алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен, аса ірі мөлшерде жасалған қылмыс бойынша П. және В.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды (ҚК-нің 297-бабы 3-бөлігінің 1,3-тармақтары).

Сотта анықталғандай, Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары П. мен В. белгісіз адамнан Көкшетау қаласында психотроптық заттардың орналасқан жерінің координаттарын алып, «закладчик» (жасырын орындарға қалдырушы) ролін атқарған. 2025 жылғы маусымда оларды полиция қызметкерлері ұстаған.

Тінту барысында олардың қалталарынан, сондай-ақ оқиға болған жерді қарау кезінде (үйдің қоршауының маңында, тастардың астынан) психотроптық зат бар 30 орама та-

былып, тәркіленді. Тәркіленген психотроптық заттардың салмағы аса ірі мөлшерге жатады.

П. және В.-ның кінәсі куәлардың айғақтарымен, жеке тінтулермен, оқиға орнын қарау хаттамаларымен, тәркіленген заттармен, жүргізілген сараптамалардың нәтижелерімен және іс бойынша басқа да материалдармен дәлелденді.

Сот үкімімен П. 7 жылға, ал В. 7 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды. Сонымен қатар, В.-ға жазасын өтеу орнында есірткіге тәуелділіктен мәжбүрлі емдеу шарасы тағайындалды.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

**Ақмола облысының Көкшетау қалалық соты**

## КИНО ӨНЕРІ – ӨТІМДІ ИДЕОЛОГИЯ СОНДЫҚТАН ШЕТЕЛДІК СЕРИАЛДАР ІРІКТЕЛІП КӨРСЕТІЛСЕ ЕКЕН

Қазақ телеарналары соңғы көздері түрік, үнді телехикаяларын тоқтаусыз көрсетуді өдетке айналдырады. Телеарналардың шоу программалар мен сериалдарға еуестеніп алғаны сондай, кешке көрсеткен киноларын таңертеңнен түске дейін қайталап көрсетіп шығады. Кейбір киноқұмар ата-аналар жаңа туған нәрестелеріне түрік телехикаялары кейіпкерлерінің есімін қоятынды шығарды.

Қазақ телеарналарында көрсетіліп жатқан «Сөнбеген жалын» атты, т.б көптеген үнді сериалдары тек отбасылық тартысты, бақталастықты ғана көрсетеді. Бүгінде осындай сериалдарды көріп өскен қазақы тәрбиедегі отбасыларда да осылай болады екен ғой дегендей бауырлар арасындағы татулыққа сызат түседі.

Ал қазір тағы бір телеарнада «Черная любовь» қазақ тіліне аударсақ «Қара махаббат» деген телехикая көрсетіледі. Сонымен кешкі сағат 20.00-ден түн жарымына дейін сағызша созылатын осы хикаяны үйдегі әйелдер қауымы көріп болғаннан кейін ғана демалуға жатады. Бірде Мұхан есімді көршім «мені кемпірім Осман дейтін болды» деп мәз болып тұр. Екеуміз де егде жастағы адамбыз, сонда сериал-

дар ақыл тоқтатқан, өзіндік ұстанымы қалыптасқан адамдардың да санасын улауға толық әлеуетті болып отыр ғой.

Менің бауырлас түрік халқына теріс ойым жоқ. Бәріміз түркітілдес халықтармыз, дініміз бір. Десек те, «Қара махаббат» сынды күнде көрсетілетін сериалдар қазақы құндылықтардан алыстататынын ұмытпауымыз керек. Қазақта қара махаббат деген түсінік жоқ, таза немесе көрінеу қара пиғылда мақсатын іске асыруға талпынғандардың жалған махаббаты болады.

Түрік халқының өз мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-жоралғысы бар, біздікінен тіпті бөлек. Түрік хикаяларындағы оқиғалардың да біздің ұлттың табиғатына сай келмейтін сю-

жеттері баршылық. Мысалы, біздің ата-бабамыз физиологиялық, рухани тазалығын сақтап қалу мақсатында жеті атаға дейін қыз алыспау, қыз беріспеу қағидатын бұзбаған. Ал шетелдік хикаяларда туысына, ағайынына көз салу, сөз салу, отау құру қалыпты нәрсе. Міне осындай әдемі ертегілерді көріп ертең нағашылы жиендер бір-біріне құда түсіп жүрмес деген сары уайым сүйекті мүжіп барады.

Осындай сериалдарды тұрақты көрсетіп жүрген біздің телеарналар ұлт мұратын, ұрпақ тәрбиесін ескермейтіндей көрінеді. Шетелдік хикаялардың қандай тәлім-тәрбие беріп жатқанын қала, аудан, облысты айтпағанды, республикалық ішкі саясат құрылымдары білмей, көрмей отыр дегенге сенгіз келмейді.

Ал өнер, кино деген ең өтімді идеология. Осыны қаперден шығармасқ деймін.

**Ілияс АХМЕТОВ,**  
**Төлеби ауданы**  
**Ленгiр қаласының тұрғыны**  
**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ**

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

2. «Керуен Logistic» ЖШС (БСН 201040017008) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек Жолы ауылдық округі, Жібек Жолы ауылы, Жаңадәуір көшесі, 21-үй.

3. «Hygiene Vet Service» ЖШС (БСН 201040015973) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Брусиловский көшесі, 159-үй, 894-пәтер.

4. «Казахстанский центр испытаний и аудита» ЖШС (БСН 160440023351) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Шипина көшесі, 170-үй, 4-пәтер.

5. «РАМТИ Логистика» ЖШС (БСН 120440004546) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Радостовец көшесі, 13-үй, 51-пәтер.

7. «Производственная компания «Batys Stone» ЖШС (БСН 120640004068) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Дина Нұрпеисова көшесі, 15/1-үй, 207.

9. «АҚДин» ЖШС (БСН 190640003667) 2026 ж. 17 наурыздағы хаттамалық шешімімен «АҚДин» ЖШС-ін тарату туралы шешім қабылдады. Шағымдар газетте хабарландыру шыққан күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 070200, Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Сәмен Сайдаш Жолдасовтар көшесі, 34Ғ үй.

14. «CMX Solutions» ЖШС (БСН 230640015402) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050044, Алматы қаласы, Нұрлан Қаппаров көшесі, 402, н.п. 6, тел. +77077123741.

15. «MD Travel» ЖШС (БСН 250340027469) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Қайрат шағын ауданы, 152/1/2-үй, 20-кеңсе, индекс А36Т1В1, тел. +77755074444.

16. «Münai Servis» ЖШС (БСН 210240016640) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 49-үй, 393-пәтер, тел. +7 701 419 82 83.

### ӘРТҮРЛІ

6. «Almaty Renovation» ЖШС (БСН 080840017805) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 303-үй.

10. «KazReal group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 101040007228) «QN-AGRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 190940023919) қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Энергетик тұрғын алабы, Асқар Токпанов көшесі, 56-үй мекенжайы бойынша қабылданады, индексі 010000. Тел.+7 701 000 06 45.

11. «QN-AGRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 190940023919) «KazReal group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 101040007228) қосылу арқылы өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Қазақстан, Астана қаласы, Алматы ауданы, Энергетик тұрғын алабы, Асқар Токпанов көшесі, 56-үй мекенжайы бойынша қабылданады, индексі 010000. Тел.+7 701 000 06 45.

12. Қарағанды облысы бойынша МАЭС-нің 2026 жылғы 3 сәуірдегі ұйғарымымен «ДанСтрой» ЖШС оңалту рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс қозғалды (БСН 070940021463) Қарағанды қаласы, Шахтеров даңғылы, 3/2 үй, 35-пәтер. Уақытша әкімшінің кредиторлар талаптарын қабылдау мерзімі 3.04.2026 ж. бастап 3.05.2026 ж. дейін Тел. +7 747 859 84 08, e-mail: sakhova\_k88@mail.ru.

13. «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 17.04.2026 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201-кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

**1-лот:** Range Rover Sport маркалы автокөлік, 2007 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 4,2 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы – 3 904 800 теңге;

**2-лот:** Mitsubishi Delica маркалы автокөлік, 1996 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 2,8 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 1 654 950 теңге;

Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201-кеңсе.

Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

**Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама телефоны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).**

**«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133. ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.**

**«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.**

**«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.**

**«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04**

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.**

**ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.**

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.**

**«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.**

**ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.**

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7172) 50-88-05.**

**«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.**

**«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.**

**ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.**

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78**

**ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.**

**ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.**

**ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.**

**ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.**

### Баспасөз – 2026

## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

### Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ [zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)

## МҰРАГЕРЛІК

8. 20.05.2025 ж. қайтыс болған Тайшиева Айжан Куанишевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Д.С. Лепесовке мекелуіңіз керек. Мекенжайы: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Д.Тәжиев көшесі, 20А. Тел. 8 747 830 22 86.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
[zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, [www.zangazet.kz](http://www.zangazet.kz), WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: [zan-info@mail.ru](mailto:zan-info@mail.ru), [www.zan-info.kz](http://www.zan-info.kz)

«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: [kaldybayeva@mail.ru](mailto:kaldybayeva@mail.ru). Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

БАЙҚАУҒА

(Соңы. Басы өткен санда)

– Әй. Мәрзия! Есің дұрыс па?! Не айттып тұрсың? Жоғалғаны несі? – деп сенер, сенбесін білмей Нартайдың кемпірі Есенкүл де Мәрзияға қарады.

Шалының орнынан тұра алмай қалғанын көріп, дереу оған дәрі беруге асықты...

«Ақыры естідіңдер ғой» дегендей Мәрзия олардан тездетіп шығып кетті. Суық хабар бір көршіден бір көршіге жетті. Лезде ауыл полициясына хабарланды. Қысқасы, дабыл қағылды. Нартайдың кемпірі Есенкүл Шымкенттегі ұлына телефон шалып: «Ұлым, осылай болып жатыр, ай-күн аманда. Полиция жағын өзін ретте. Тезірек қимылдасын!» – деп телефонды өшірді. Әкесінің жүрегі қысылып ауырып қалғанын баласына айтпады. Ауылға асығып жетемін деп машинасымен апатқа ұшырап қалар деген ойы болды басында. Неде болса өзі келген соң көрер. Есенкүл әже де қолы дірілдеп: «Үй-бүй Кәусарым-ай, ақ періште-ай, Кәусарым-ай! Тек әйтеуір бәле-жаладан аман болсаң екен...» деп кемсеңдеп, көзіндегі жасын көрсетпей, Нартай ақсақалға:

– Кәусар ақылды қыз ғой, бір қызы бар үйдің ауласына кіріп ойнап отырған шығар екеуі. Табылып қалар, уайымдамай тұра тұршы, – деп жұбатып қойды шалын.

Мәрзия бұдан кейін амалы жоқ Астанадағы қызын хабарлар етті.

– Апа! Не дейсің?! Не айттып тұрсын өзі? Жоғалып кеткені несі? Сен не қарап отырсың, апа? Жоғалғаны қалай ауыл ішінде? Жаным Әсемім-ай, жаным-ай, бекер жібердім-ау саған? Бекер жібердім-ау! Асылбекке не айтам? Енеме не айтам? Екеуі де саған жіберуге қарсы болып еді. Апа! Есің дұрыс па? Кішкентай қыздарды жалғыз жібере ме қараусыз? Балмұздақ жемей қалса болмады ма? Апа-ай, қап! Саған бекер жібердім-ау!

\*\*\*

Түс әлетінде аудан орталығынан полиция қызметкерлері де жетіп, әр үйге кіріп, адамдармен сөйлесіп, ауыл ішін тексеруге кірісті. Ауылдағы барлық кішкене балалар да сұралды. МАИ қызметкерлері де «Бөкен» ауылына кіретін жол мен шығатын жолдарға арнайы адамдар қойды. Барлық жүк көліктері, жеңіл машиналар тексерілді. Түстен кейін де ауылдағы алас-күлес, абыржыған тіршіліктер таусылмай, әр үйден береке кетті. «Уһ! Тура мен ойлағандай болды. Бүгін түнге жетсем, қыздардың да денелерін үйден шығарып, бір жерге апарып тастармын», – деп ойлап тұрды Мәрзия.

Хабарды естігеннен қаладан Нартайдың ұлы мен келіні жетті. Нартай ақсақал қан қысымы бірде жоғары, бірде төмен ауытқып қайта-қайта есінен танып, сандырақтап ес білмейтін жағдайға түсті. Нартайдың ұлы Медетке бұл «жығылған үстіне жұдырық» болды. Ауданнан арнайы дәрігерлер тобы шақырылды.

– Жасы жетпістен асса да тың, әрі сергек жүруші еді. Байғұс-ай, қайтсын енді. Екі қыздың жоғалуы өзге жұртқа оңай түсіп тұрған жоқ. Кішкентай немересін жоғалтқан Нартай ақсақалға оңай дейсің бе? Немере қызы аталап жұқтақпап, түнде атасының қасында жатады екен. «Құдай мені ал, Кәусарымды аман қылшы...» деумен есін білмей жатыр дейді, байғұс. Оңай емес. Қыян жағдай.. Ауылдағылардың Нартайдың жағдайына елеңдеп, бір-біріне жеткізетін сөзі осындай. Түс ауа ауыл ішіне «Нартай қарт ақыры үзіліп кетіпті» деген екінші суық хабар тарайды. Басқа түскен қайғы қартты ақыры алып кетті. Ауылда дүрбелең мүлде көбейді. Нартайдың келіні Сәбира атасы үзіліп кеткен соң, үй арасында үй жоқ, атасының үйімен қатар тұрған Мәрзияның үйіне жетіп келді.

– Апа, сіз үш адамға қиянат жасадыңыз. Сіз де, білесіз бе, аналық жүрек жоқ! Бұрын болмаған да сияқты. Кішкене қыздарды көшеге қараусыз кім жібереді? Айтыңызшы?! Мен сізді сотқа берем! Ал, сап-сау жүрген атам қайтыс болды! Бұған да алдымен сіз кінәлісіз! Сізді түрмеге жаптыру керек! Өлі де қыздар табылар деген үмітім бар. Сол екі қыздың бір тал шашына иненің ұшындай зиян келсе, сізді өз қолыммен өлтіріп тастаймын! Білдіңіз бе? – деді ашына дауыс көтеріп. Мәрзия болса өмірінде бірінші рет мүсепірі қалыпқа түсе қалды.



ЖҰТЫЛМАҒАН ЖҮЗІК

немесе Ханс ашқан қылмыс

– Құдай атты мені. Қайдан білейін, балалар өзіміз барайық, әже, өзіміз барайық деп қоймады ғой. Кәусар өте ақылды қыз екен. Балмұздақ сатып алып жүрген ауылдың балаларына ұқсап, өздерімен өздері жүруге, үлкен болуға еліктеген шығар дедім. Не айтсаң да еркін! Сені түсінем. Кешірім сұраймын. Бір білместік менен кетті. Қайтейін оларды жалғыз жібергеніме қатты өкініп тұрмын, – деп жыламырады.

Ауыл жұртшылығы ендігі кезекте қайтыс болған Нартай ақсақалдың үйіне қарай ағылды. Біреулері келіп жатыр, екіншілері қайыра кетіп жатыр. Бұл көрініс көрші Мәрзияға ұнамады. «Адамдар аяғы үй жақтан саябырламаса мыналарды қашан үйден сыртқа шығара аламын? Ойламаған жерден Нартай шалдың да өліп қалғанын қараш... Қайтсем екен?... Жаздың қысқа таңы қазір-ақ атып қалады... Ауылдың жәйі осылай болып жатқанда Астана төрінде ауылдағылардың ешбіріне белгісіз, ешкімге жария болмаған үлкен іс реттеліп жатты.

\*\*\*

Мәрзияның қызы Гүлшаттың енесі Раушан Хасенқызы Астанада полиция департаментіне қарасты Кинологтар қызметі орталығында із кесетін иттерге тағам зәірлейтін арнайы лабораторияда аспаз болатын. Әсем жайлы ауылдан жеткен суыт хабар Раушанға да қатты әсер етті. Енді ғана зейнеттік демалыс күтіп жүрген Раушан отырған орнында жүрегін ұстап: «Не дейді? Не дейді? Қашан? Қай кезде?» деген сұрақтармен сөмкесін ақтарып, тілінің астына дәрісін сала бергенін ұжым мүшелері, қасындағылар түгел көрді.

– Тура ауылда, ауыл ішінде жоғалып па? МАИ қызметкерлері жолды бекітіп, тексеру қойып па?

– Иә, иә, ауылда полицейлер барлық шараларды жасап жатқан көрінеді. Бүгін сағат 10-шамасында балмұздақ сатып алуға кеткен қыздар үйге келмеген. Қазір сағат 13.00. Үш сағат болды. Табылмай жатыр екен.

– Апа, сіз онда уайымдамаңыз. Осында полиция қызметіндегі із кесуші 20-дан астам иттің дұрыс тамақтануына еңбегіңіз сіңді ғой. Бастыққа бұл жағдайды айтайық. Ол кісіден рұқсат алып, із кесуші Хансты алып барып, бүкіл ауылды тексеру керек. Егер қазір Шымкентке ұшатын ұшақ болса, тездетіп ауылға жеткен дұрыс! – деп кинолог Ерболат Түсіпбаев Раушанды жұбатып, бастыққа хабарды жеткізуге шығып кетті. Ерболаттың бұл ойын басқа қызметтестер де қоштады. Артында кинологтар қызметі орталығының басшысы подполковник Сабыржан Ақтаев Раушанға өзі келді. Ауылда болып жатқан суыт хабар бүкіл ұжымға ортақ екенін, жоғалған немересі үшін Раушанға қолдан келген көмекті аямайтынын айтты.

Ерболат Түсіпбаевтың мандығы – мал дәрігері. Кеңес армиясына барып келген соң, оны кинолог қызметі қы-

зықтырып, соның арнайы курсы бітірген. Кинологтар орталығына жұмысқа тұрғанда қатты қуанған. Осыдан бір жыл бұрын Германияның Кассел қаласында оқып жатқан қарындасына барған. Сонда неміс овчаркасының күшігін іздеді. Ақыры тапты да. Қазақстанда бұл тұқым өте сирек және өте қымбат тұрады. Өмірге келгеніне бір жеті болмаған күшіктің ата-тегі жазылған куәлігімен қосып сатып алды. Өйелі ұл туғандай қуанып, Ханс атауын өзі қойған-ды. Сөйтіп, полицияның із кесу жұмыстарына Ерболат осы Хансты жақсы бейімдеген. Ханс бұрын да біраз қылмыстарды ашып, үш рет медаль алған. Із кесуде міндетін бұлжытпай орындаған Ерболаттың қызметтегі мәртебесі көтерілді. Енді қала емес, елге барып та ауылдағы қылмысты аша алатынына Ерболат өте сенімді болды. Раушаннан немересі Әсемнің соңғы кезде киген киімін, ойнаған ойыншығын тездетіп алдыртып та үлгерді. Есіктен шығарда қасында көзі жарқ-жарқ от шашып тұрған неміс овчаркасы Ханстың басын сипап: «Ал, Ханс, ұшаққа кетті! Үлкен іс тапсырылды бізге. Соны екеуіміз дұрыс орындауға тырысайық!» – деп жұмшқандықпен айтып берді. Ұшаққа дейін облыстағы полиция департаментіне хабарласып, Түлкібастан ауданына апаратын арнайы көлік даярлап қою тапсырылды. Ерболат өзімен Ханстың жейтін тамағын, ыдыстарын алуды да ұмытқан жоқ.

Әуежайдан түскенде сағат 18.30-ды көрсетті. Түлкібастан пен ар жағындағы «Бөкен» ауылына дейін бір жарым сағат. Ханс танертеннен бері аш келе жатыр. Ізіл, иісіл ит ізкесер алдында осындай аш қалыпта болуы керек. Ерболат барлық ережені қатал сақтап, машина айдап келе жатқан жүргізушіге:

– Біз Түлкібастан қалай «Бөкен» ауылына бұрыламыз, сол кезде тоқтаның. Қасындағы Ханс батырға сол жерден ерекше тапсырма берем. Терезе жабық тұрсын! – деп ескертті.

Ерболат отырған машина ауыл шетіне кіріп тоқтады. Сағат 19.40. Ауыл полицейлері, МАИ қызметкерлері де жолда күтіп тұр екен. Иісіл иттің Астанадан келе жатқаны оларға да хабарланып, «жолдан қарсы алыңдар!» деген нұсқау түскен. Әкесі Нартайдың үйінен Кәусардың киімін алып Медет те осы жерге жетіпті. Ерболат оған әкесінің қайтыс болғанына көңіл айтты.

– Айтыңызшы, сіздің ойыңызша балалар әлі ауыл ішінде ме? – деп сұрады бірден.

– Танертенгі сағат он шамасында қыздар жоғалды деген хабар түскен соң полицейлер ауылдан шыққан көліктің полиция тұрса, еш бала сыртқа шыққан көлікте табылмаса, демек менің болжамым бойынша жоғалғандар сыртта емес, ауыл ішінде, – деді Ерболат.

– Полицейлер әр үйді тексеріп шықтық, – деп сендірді.

– Міне, қазір Ханс бұл сөздің рас-өтірігін анықтайды, – деді Ерболат сеніммен.

– Барлық сенім енді сіз бен мынау иісіл иттіңде, – деді Медет.

Сыртта тұрған полиция, МАИ қызметкерлері машина ішінде паң қалыппен, ара-тұра тілін шығарып, екі құлағын тік ұстап, қуырығымен шоқиып отырған неміс овчаркасы Хансты көріп:

– Бәтшағар! Ит-ақ екен! Көзі өңменінен өтіп, адам секілді қарайды ғой, – десті... Ерболат машина ішінде Хансқа қарап:

– Ханс! Дайынсың ба? Із кесетін жерге келдік. Саған үлкен сенім арттам. Міне, мынау кішкентай бүлдіршіндер Әсем мен Кәусардың киімдері. Сен осы қыздарды табуың керек! Міне, иіске! Ойыншығы мынау. Жақсылып, мұқият іскеп ал! Сен нағыз батырсың! Қалайда тап! – деп басынан сипай бергенде «Түсіндім, мені босат!» дегендей киімдерді іскеп отырған Ханс ырылдап ұн қатып, тұмсығын алға көтеріп, машинадан түскісі келді.

– Ханс! Сен түскің келе ме, иісті алдың ба тез арада. Тағы да иіске! Асықпа! Ханс ырылдап, енді қос аяқты алға көтерді.

– Онда түс! – дей бергенше болған жоқ, Ханс машинадан атып шығып, ауылдың қасындағы машина жүретін жол-

мен алға қарай ызғызды-ай келіп. Артында жүгіріп келе жатқан Ерболат.

Мәрзия дәл осы кезде өз үйінде қобалжуды еді. «Ойпырым-ай біздің үй жақта адамдар ағылып кетті. Саябыр болар емес. Нартайдың өлімі де бәле болды ғой. Мына қыздарды қалай сыртқа алып шығып бір жерге жасырам енді?» деп кинала бастады. Ауыл ішіне электр жарығы күндегіден ертерек жағылды. Күнде осындай уақытта телеарнадан түрік сериалдарын тамашалап отыратын жұрттың көңілдері тыныш емес. Қыздар жоғалды – бір. Нартай ақсақал қайтыс боп кетті – екі. Екі адам басы қосылған жер-жерге ағып кетті. Сериалдар әр үйде көрілмей қалды. Бәрінің көңілдері алаң. Жүйткіл алға тартып келе жатқан Хансты ауылдың барлық адамдары көрді. Бейне кино көргендей Хансты қызықтап, жол шетімен қобалжатып олар да алға жүгіре берді. Ал ауыл төбеттері де өздерінше үре бастаған. Бірақ бәрін полициялық ит Ханстың мысы басып, есік алдынан әрі аса алмады. Жауапты тапсырма алған Ханс еш жерге тоқтамай алға қарай тартып келеді. Тура Мәрзия үйінің қасына келіп «дәл осы үйде» дегендей «Аф!» деп, тоқтай қалды. Соңында енгізіп жүгіріп келе жатқан аға сержант Ерболатқа «Жеттің бе?» дегендей қарады.

Мәрзия бұл кезде терезенің пердесін түсіріп, бір кесе шәй ішіп алуға ас үйге беттей берген. Сырт жақтан арпылдаған бір иттің дауысы естілді. Артында тарсылдап есік қағылды. Ерболат Хансты алға жіберіп, өзі табалдырықтан аттай берді. Үйге кірген Ханс сәл тұрды да, сол жаққа бұрылып Мәрзияның бөлмесінің есігін тырналап: «Аш! Аш!» дегендей, «Аф! Аф!» деп қатқыл үре бастады. Дәл мұндайды күтпеген Мәрзия ас бөлмесінде етпетінен жерге құлап түсті. «Қыздарды сыртқа шығаруға үлгімедім.. Қарабет» болдым», – деді өзіне күбірлеп.

Ерболат ауылды білмейтін болғандықтан, бұл үйді Әсемнің әжесінің үйі деп ойлаған жоқ. Құлап жатқан Мәрзияға: – Қыздарды сіз ұрладыңыз ба? Бөлме неге жабылған? Бөлменің кілтін беріңіз! Кілт қайда, бөлменің?! – деді барынша асығыс әрі өктем дауыспен. Бұдан әрі күткен жоқ. Құлап жатқан Мәрзияға жанашырлық көрсетпей, халатының қалтасын қарап, кілтті алды. Ханс та шыдамай қынсылай берді... Бөлме есігі ашылғанда Ханс керуест астынан алдымен Кәусарды, содан соң Әсемді тістелеп сүйретіп шығарды. Сағат 20.00.

Бұл көріністі Ерболат пен Ханстың соңынан машинамен еріп, Мәрзияның үйі алдына тоқтаған Кәусардың әкесі Медет те, ауылдың полиция адамдары да көріп үлгерді. Қызының өлі денесін көрген кезде Медет барлық дауысымен өкіріп жіберді.

– Кәусарым-ай, Кәусарым-ай, сені тірі көрем бе деп едім. Тірі болсыншы деп

едім, жаным-ай. Көзімнің қарашығы-ай, Кәусарым-ай. Құдай-ай, түріне не болған, жаным-ау?! Халқым-ау, қараңдаршы қызыма, көріндерші сіздер де, бет жүзін қараңдаршы, қызымды әбден соққыға жығыпты. Бұл кішкене періштенің нендей жазығы болды екен? Не болған мынау түріне Кәусарым-ай... – деп қызын бауырына қыса ебіл-дебіл шығып өкіріп жылай берді. Кішкентай ақ көйлегімен қуыршақтай өлі Әсемге әлі ешкім жақындамай тұрған. Бір кезде жиналған жұрт ішінен біреулер:

– Ойбай, мынау Мәрзияның өзінің жиен немересі ғой. «Мәрзия жоғалды» деп жүрген қыз осы. Астанадағы Гүлшаттың қызы мынау! – деді айқайлап...

– О, тасбауыр, қақпас Мәрзия! Бездүйрек Мәрзия! Қыздарды өзі өлтіріп, үйіне тығып тастаған ба мынау сонда?!

– Ойбай, қарабет-ай! Сұмдық-ай! – Астапыралла! Астапыралла? Не дейді?

Нартай ақсақалдың үйінен шыққан бүкіл жұрт Мәрзияның есігінің алдына топталды. Иісіл ит Ханстың жоғалған қыздарды тапқан ісіне бір таңырқап, өлі қыздарды Мәрзияның керуестінің астынан табылғанына және таңырқап, кеуделерін ұстап «Құдай! Құдай! Қандай сұмдық! Түсіміз бе, бұл көріп тұрғанымыз өңіміз бе?» дей берді бір-біріне...

– Жолдас полковник! Ханс міндетін жақсы орындады. Бүлдіршіндер табылды... бірақ... өкінішті жағдайда... иә... иә тірі емес... – деп кинолог Ерболат Түсіпбаев шетке беттеп, Астанаға бастығына телефонмен хабарласып жатты.

Топырлаған халық Мәрзияның екі полицей жігіттің екі жағынан ұстап, машинаға отырғызып жатқанын көріп, жағаларын ұстады.

– Ал, Медет бауырым? Мына балалардың екеуінің де мүрдесін тез арада медициналық сараптау жүргізу үшін ауданға алып кетеміз. Сізге бірге жүруге рұқсат. Көлікке бізбен бірге отырыңыз. Ертеңге дейін анықталып қалар... – деді іс барысының басы-қасында жүрген полиция майоры Серік Сүлейменов.

Ал Ерболат болса кәдімгі баласын сүйгендей Ханстың тұмсығынан сүйіп:

– Жарайсың, Ханс! Сен шұғыл түрде қылмыстың бетін ашты! Үлкен еңбек жасадың! Білем сені, қарның да әбден ашқан шығар. Жүр, мен сені тамақтандырайын, – деп бағана өздері келген машинаға қарай кете барды.

\*\*\*

Ауылда Мәрзия жасаған бұл қылмыс 11 сағат ішінде Ханстың көмегімен тез ашылды. Періштедей пәк бүлдіршіндер медициналық тексеруден өткізілді. 2 жасар Әсем Асылбекқызы жұтқыншақтағы тұрып қалған жүзіктен тұншығып қайтыс болған. Ал 5 жасар Кәусар Медетқызы аяусыз қаталдықпен соққыға жығылған. Мұның сыртында қан құрамынан күмәнді заттар анықталды. Ал Мәрзия Татиева тергеушілерге асықпай, аптықпай, көз жасын төкпей, салмақты түрде өзінің сол күнгі жасаған қылмысын еш бүкпесіз басынан аяғына дейін айтып берді.

Тергеуші:

– Сізге адвокат керек. Сізді ауыр жаза күтіп тұр. Жас баланы ұрып-соққандық, денсаулығына зиян келтіретін химикат бергенсіз. Сіздің осы әрекетіңіздің салдарынан Кәусар Медетқызы өмірден кетті. Өз немеренің Әсем де сіздің салғырттығыңыздан көз жұмды. Бұл үшін жаза қатаң.

Тергеушінің сөзін мұқият тыңдаған Мәрзия Татиева:

– Адвокат керек емес! Сот қандай үкім шығарса, қандай жаза кессе мен келісем. Оған лайықтымын! Тек сіздерден бір-ақ өтініш бар.

– Қандай өтінішің?!

– Менімен ұлымның, қызымның, туыстарымның кездесуіне рұқсат бермендер! Өтінішім осы.

Тергеушімен арадағы соңғы диалог осы болды.

\*\*\*

Мәрзия үкім шыққанша уақытша ұстау изоляторында отырған. Екі күн өткен соң, істі жүргізіп жатқан тергеуші органға Мәрзия Татиеваның өз-өзіне қол салып, буыны өлгені жайлы хабарлады. Иісіл ит Ханс қылмыстық істі қалай тез ашқан болса, бұл шұлы да, мұңлы істің жабылуы да өте тез болды. Ауылға Мәрзияның мүрдесі жеткізілді. Мәңгілік мекенге ешкім қайғырмай, ешкім жыламай шығарып салынған тұңғыш өлім осы болды.

Өріс ЯШУКІРҚЫЗЫ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

- Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жанасая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Батыс Қазақстан облысы Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@zangazet.kz
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6405 дана
Апталық таралым 12810 дана
Тапсырыс №949 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г кәуәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31